$$V_{\text{жамбастың шеңбері}} = \frac{1}{3} \times \text{ЖҰ} \times ((\text{ЖЕ} \times \text{ДТ}) + \sqrt{\text{БЕ} \times \text{ЖҰ} \times \text{ЖЕ} \times \text{ДТ}} + (\text{БЕ} \times \text{ЖҰ})) \quad (7)$$

мұнда ЖҰ – жамбас ұзындығы; ДТ – дене тереңдігі; БЕ – бөксе ені, см.

Сиырлардың экстерьерлік бағасы келесідей индекстер бойынша анықталды: ұзынаяқтылығы, созылықтылығы, жамбас-кеуделік, кеуделік, мығымдылық, сүйектілік.

2.3 Желіннің морфофункционалдық қасиеттерін зерттеу әдістемесі

Сиырлардың желіні өлшеу арқылы және көзбен қарау арқылы бағаланады. Сиырлардың сауу мөлшері, сүт беру жылдамдығы және жалпы сиырлардың машинада саууға жарамдылығы сиырлардың желінінің мөлшеріне және бітеу сфинктерінің безді ұлпаларының дамуына байланысты.

Машинамен сауылатын сиырларды таңдағанда тек желіннің пішіні ғана емес, сонымен қатар желіннің өлшемі де маңызды. Егер олардың пішіні мен өлшемі дұрыс болмаса, желін шыныаяқтарынан түсіп қалалы немесе ауа сорылады, бұл сауу процесін бұзады. Осыған байланысты емізігі цилиндрлік немесе конустық пішінді, ұзындығы 5-9 см, диаметрі 2-3 см болатын сиырлар машинамен саууға жарамды деп саналады.

Желіннің көлемін сипаттайтын негізгі өлшемдер - оның шеңбері, ұзындығы, ені, тереңдігі, емізікшелерінің өлшемі және олардың арасындағы қашықтық.

«Сауын және сүтті-етті сиырлардың желінін және сүт өнімділігін бағалау» әдістемелік ұсыныстары негізінде сауынға 1-1,5 сағат қалғанда лактацияның 2-3 айындағы сиырлардың желенін зерттеу жүргізілді. Сауынға дейін және сауылғаннан кейінгі өлшемдерді алу арқылы сүттің сауылғаннан кейінгі пішінін көзбен шолып бағалау. Сауын аппаратының көмегімен секундомер арқылы сүт беру жылдамдығын анықтау.

Желіннің пішіні көзбен, желіннің түсуін сауылғанға дейін және сауылғаннан кейін өлшемдер алу арқылы, формуланы қолдану арқылы бағаланды:

$$\text{Желіннің түсуі} = \frac{\text{саууға дейінгі желіннің көлемі} - \text{ссауғаннан кейінгі желіннің көлемі}}{\text{саууға дейінгі желіннің көлемі}} \quad (8)$$

Сүт беру жылдамдығы сауу стакандарын қою арқылы сауу сәтінен бастап саууылуы тоқтатқанға дейін секундомермен анықталады.

Желіннің пішіні, оны денеге бекіту тәсілі, төрттен бір бөлігінің симметриялы дамуы, бүйірлік желін жырашығының және қосымша емізіктердің болуы, сауудан кейінгі желіннің түсуі көзбен бағаланды. Желіннің безділігі сауу алдында желінді тексеру арқылы бағаланады.

Сүт беру жылдамдығы тәуліктік саууды секундомер ескерген сауу уақытына бөлу арқылы, сауу стакандарын кигізген сәттен бастап және сүт беру аяқталғанға дейін белгіленеді.

Желін өлшемдері келесі құралдармен алынды: өлшеуіш таспа және циркуль. Зерттеу барысында келесідей өлшемдер алынды: ұзындығы, ең үлкен ені, ең үлкен шеңбер орамы, алдыңғы және артқы бөліктерін тереңдігі, желіннің жерден жоғары биіктігі, алдыңғы және артқы емізікшелердің ұзындығы, алдыңғы және артқы емізікшелердің орамы, алдыңғы емізіктердің арасындағы қашықтық, алдыңғы және артқы емізік арасындағы қашықтық, артқы емізіктердің арасындағы қашықтық.

Желін құрылымын сиырды сауар алдында желінді пальпациялау және көзбен қарау арқылы анықталды. Желін безді, орташа және майлы болады.

Безді желіннің құрылымы ұсақ түйіршікті және сауылғаннан кейін қатты түсіп кетеді. Мұндай емізікшелердің қабырғалары әдетте жұқа және серпімді болады. Орташа безді желін ірі түйіршікті құрылымды және орташа иілгіштікке ие. Майлы желін серпімді, май және дәнекер ұлпадан тұрады, сауу кезінде қатты түсіп кетпейді.

Желіннің пішіні үлкен маңызға ие, ол дамуы мен бөліктерінің біркелкілігімен және оның денеге бекітілу сипатымен анықталады.

Желінді бағалау кезінде емізік өлшемі туралы деректер маңызды. Бұл өлшемдер желін құрылымының морфологиялық ерекшеліктерін белгілеп қана қоймай, оның машинамен саууға жарамдылығын анықтауға мүмкіндік береді. Машинамен сауу кезінде орташа ұзындықтағы (5-тен кем емес және 9 см-ден аспайтын) емізіктері бар сиырлар қолайлы болып келеді.

Желінді бағалау кезінде ең маңыздысы оның пішіні болып табылады. Желіннің пішіні оның сүт өнімділігіне, қарқындылығына, сауу жеңілдігіне және маститке төзімділігіне әсер ететін оның сыртқы ерекшеліктерінің жиынтығы болып табылады. Желіннің пішіні генетикалық анықталған қасиет және тұқым қуалайды. Ең өнімді сиырлардың желіні сопақша және тостаған тәрізді болады.

2.4 Сиырлардың сүт өнімділігін зерттеу әдістемесі

Сиырларды сүт өнімділігін нақты бағалау үшін ММ-04В құрылғыларын қолданып, ай сайынғы бақылау сауымы өткізілген болатын. Сүт өнімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге лактацияның 305 күніндегі сүт өнімділігі, сүттегі май және ақуыз мөлшері, сүт майы және ақуыз мөлшері жатады. Сиырлардың сүттілігі төлдегеннен кейінгі бірінші күннен бастап лактацияның әр айлығындағы сүт мөлшері есепке алынады.

Бақылау сауымы және сынамаларды алу ICAR стандарттарының талаптарына, ҚР СТ РК ИСО 707:2011 (ISO 707:2008, IDT) мемлекетаралық стандартына сәйкес әрбір сауы сиырынан кемінде айына бір рет жүргізіледі.

Сүттің физико - химиялық құрамын зерттеу үшін MilkoScan FT1 (Foss) және Ecomilk Scan экспресс анализаторлары қолданылады. Сүттің физико-химиялық құрамы MilkoScan инфрақызыл анализаторы арқылы анықталып, сүттегі майдың, ақуыздың, SOMO, лактозаның, казеиннің, мочевианың массалық үлесіне талдау жасалып, сүттің тығыздығы мен қышқылдығы анықталды. Сүттегі соматикалық жасушалардың санын есептеу үшін Ecomilk Scan анализаторы пайдаланылды. Ecomilk Scan сүт анализаторы бақыланатын үлгінің капилляр арқылы өту уақытымен өлшенетін шартты тұтқырлық бойынша сүттегі соматикалық жасушалардың санын анықтауға арналған. Сау сиырлардың сүтінде әдетте 1 мл-де 300 мың соматикалық жасушалар болады. Желін инфекцияланған кезде сүттегі патогенді жасушалардың саны көбейіп, жасушалардың пайызы өзгереді.

Сиырлардың сүт өнімділігі келесі көрсеткіштер бойынша зерттелді: 305 күндік сүт сауымы, майдың массалық үлесі (%) және сүт майы (кг), ақуыздың массалық үлесі (%).

Сүттілік коэффициентті келесі формула бойынша анықталды:

$$СК = 305 \text{ күндік сүт сауымы} \times 100 / \text{тс} \quad (9)$$

Мұнда СК – сүттілік коэффициенті (%),
тс – тірілей салмағы (кг).

Сүт майын келесі формула бойынша есептеді:

$$СМ = СС \times \text{тс} / 100 \quad (10)$$

Мұнда Ж – майдың массалық үлесі (%),
СС – 305 күндік сүт сауымы.

В.Б. Веселовский формуласы бойынша лактация тұрақтылығының коэффициенті есептелді:

$$ЛТК = \frac{Hc}{Жс * n} * 100 \quad (11)$$

Мұнда Hc – лактация бойынша нақты сауымы, кг;

$Жс$ – ең жоғарғы тәуліктік сауым, кг;

n – лактациядағы күндер саны, күн

В.Н. Лазаренко формуласы бойынша биологиялық пайдалылық коэффициенті (БПК) және биологиялық тиімділік коэффициенті (БТК) есептеу әдісі бойынша сиырлардың биологиялық бағасын анықталды (2002):

$$БТК = \frac{Сауым * C}{тс} \quad (12)$$

Мұнда:

$Сауым$ – лактация бойынша сауым, кг;

C – құрғақ заттың массалық үлесі, %;

$тс$ – сиырлардың тірілей салмағы, кг.

$$БПК = \frac{Сауым * СОМО}{тс} \quad (13)$$

Мұнда:

$Сауым$ – лактация бойынша сауым, кг;

$СОМО$ – құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығының массалық үлесі, %;

$тс$ – сиырлардың тірілей салмағы, кг.

2.5 Қанның гематологиялық және биохимиялық талдауын зерттеу әдістемесі

Қан сынамаларының гематологиялық және биохимиялық талдауы «А.Байтұрсынов атындағы ҚҰУ» КЕАҚ қолданбалы биотехнология институтында жүргізілді. Қан сынамаларының гематологиялық талдауы 19 параметрді анықтайтын Exigo гематологиялық анализаторында және биохимиялық талдау BioChem FC-120 анализаторында жүргізілді. Exigo гематологиялық анализаторында небәрі 1 минутта 17 параметрге, ал 3 минутта 19 параметрге жалпы қан анализін жүргізуге болады. Бірегей швед технологиясы мен реагенттер құрамының арқасында бұл құрылғы ең аз мөлшерде тек 3 реагент + 1 тазалау құралын (изотоникалық, лизистік, EOS лизисі, тазалау) пайдаланады. Құрылғыда әртүрлі типтегі 6 пробиркаға арналған кіріктірілген араластырғыш бар, бұл центрифугалау үшін қосымша араластырғышты сатып алмауға мүмкіндік береді. Анықталған параметрлер: WBC – лейкоциттер саны, LYM abs - лимфоциттердің абсолютті саны, LYM % - лимфоциттердің пайызы, MID abs - моноциттердің абсолютті саны, MID % - моноциттердің пайызы, GRN abs - гранулоциттердің абсолютті саны,

GRAN% - гранулоциттердің пайызы, HGB – гемоглобин, MCH - эритроциттегі орташа гемоглобин мөлшері (қанның түс индексі = $0,03 \times MCH$), MCHC - эритроциттердегі гемоглобиннің орташа концентрациясы, RBC - эритроциттер саны, MCV - эритроциттердің орташа көлемі, HCT – гематокрит, RDW abs - эритроциттер таралуының абсолютті ені, RDW% - эритроциттер таралуының пайыздық ені, PLT - тромбоциттер саны, NEU % , NEUTabs – нейтрофильдер, EOS % , EOSabs - эозинофильдер.

Қан сарысуының биохимиялық анализі BioChem FC-120 анализаторында 13 индикатор бойынша жүргізілді және келесі көрсеткіштер зерттелді: ALP - сілтілі фосфатаза, ALT-аланинаминотрансфераза, Amylase-амилаза, AST- аспартатаминотрансфераза, Bili-D- тікелей билирубин, Bili-T- жалпы билирубин, Calcium- кальций, Glu-Ox-глюкоза, Iron - темір, Magnesium- магний, Phosphorus-фосфор, Potassium-калий, Total Protein- жалпы ақуыз.

Әр топтан 5 сынама алынып, гематологиялық және биохимиялық талдау жүргізілді.

Мал ағзасының табиғи резистенттілігі – ағзаның қорғау факторлары, опсоно-фагоцитарлық реакция бойынша лейкоциттердің фагоцитарлық қабілеті. Қан сарысуы, фагоцитарлық саны және фагоцитарлық индексі – фагоцитарлық белсенділік опсонофагоцитарлық реакциямен анықталады.

$$\text{Фагоцитарлық белсенділік (ФА) \%} = P_1/100 \quad (14)$$

$$\text{Фагоцитарлық индекс(ФИ)} = P_1/P_2 \quad (15)$$

$$\text{Фагоцитарлық сан (ФС)} = P_2/100 \quad (16)$$

Сүт өндірісінің экономикалық тиімділігін бағалау барлық шығындарды және сүт өнімдерін өндірудің санын талдау арқылы анықталады.

Зерттеулердің экономикалық тиімділігі заманауи ұсыныстарды ескере отырып есептелді.

Зерттеу барысында алынған негізгі сандық материал Стьюдент арқылы сенімділікті анықтай отырып, Microsoft Excell «Талдау пакеті» қондырмасы арқылы вариациялық статистика әдісімен өңделді. Үлкен деректер жиынын статистикалық өңдеу Statistica Ultimate Academic Bundle бағдарламасының 13.3 нұсқасын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Жалпы топтаманың орташа t_d мәнінің объективтілігі (t_{st} стандарты) сенімділік шектері арқылы көрсетіледі: $P \leq 0,05$; $P \leq 0,01$; $P \leq 0,001$. Биометриялық деректерді өңдеу үшін П.Б.Гофман-Кадошников және С.Х. Ларцева ұсынған әдістер қолданылды.

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Ресей және шетел селекциясынан тараған қашарлардың өсіп дамуы

Сүтті бағаытындағы малдарды өсіретін шаруашылықтардың басты мақсатының бірі жас малдарды қарқынды өсірудің технологиясы болып табылады. Ірі қара малының дамуын көрсететін және оның сүт өнімділігінен әсер ететін көрсеткіштердің бірі болып малдардың тірілей салмағы болып табылады.

Қазіргі ғылым деректері мен озық ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тәжірибесі жас малды дұрыс өсіру негізінен ересек малдың одан әрі өнімділігі мен денсаулығын анықтайтынын көрсетеді.

Ағзаның дамуы ата-анадан алынған тұқым қуалайтын негіздің және ол пайда болатын нақты орта жағдайларының өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады.

Жас малдарды өсіру өсу мен дамудың бірінші кезеңінде жануарлардың генетикасына тән өнімділік мүмкіндіктерінің оңтайлы көрінісін анықтайды. Осы кезеңде алынған кемшіліктерді келешекте толтыру мүмкін емес, сондықтан отандық ірі қара малдың өнімді және технологиялық сапасын жақсарту үшін тек ішкі ресурстар ғана емес, сонымен қатар шетелдік тұқымдардың дүниежүзілік генофонды пайдаланылады [118].

Сиырлардың сүт өнімділігінің жоғары болуы жас малдың әртүрлі кезеңдерінде (уыз, сүт) дұрыс және сапалы өсірілуімен, сүттен кейінгі кезеңде қарқынды дамуымен және ұрықтандыруға жақсы дайындық болу қажеттілігі анықталды. Қашарларды мақсатты түрде толыққанды өсіру арқылы жылдық сүттілігі жоғары, өнімділігі жоғары сиырлар алуға болады. Сүтті мал шаруашылығындағы технологияның маңызды элементі – қашарлардың қалыпты өсуі мен дамуын қамтамасыз ету, уақытылы сапалы ұрықтандыру және сау төл алу үшін өсіру [125].

Тұқыммен асылдандыру жүргізген кезде, организмнің онтогенездік дамуына, жеке даму өзгешеліктері мен дамып келе жатқан жас организмнің дамуына ешбір сыртқы факторларының әсері тимей, қолда бар тұқымды жетілдіру мен жаңа тұқым шығару мүмкін емес.

Біз өзіміз ғылыми зерттеуіміздің барысында, өсіп келе жатқан төлдердің қарқынды өсірудің негізгі көрсеткіштеріне, яғни өсіп келе жатқан жастық кезеңдерінде туғаннан бастап тірілей салмағын, абсолюттік өсімін, орташа тәуліктік және қатынасты өсімін зерттеген болатынбыз. Талаптарға сай төлдердің өсіп-дамуы сәйкес болуы керек, бұл тәжірибелік тұрғыдан өте маңызды болып саналады.

«Заря» АҚ-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсу көрсеткіштері бірінші кесте мен екінші суретте көрсетілген.


Кесте 1– «Заря» АҚ-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсу көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Туғанда	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	24,1±0,5	23,8±0,2	23,2±0,6
	δ	3,62	0,87	3,43
	$C_v(\%)$	0,15	0,04	0,22
6 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	171,55±1,7	160,03±1,99	161,43±1,72
	δ	1,7	1,99	1,72
	$C_v(\%)$	20,5	15,54	8,03
8 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	216,95±1,28	201,56±2,17	215,26±1,41
	δ	9,92	16,92	9,13
	$C_v(\%)$	4,57	8,39	4,42
12 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	306,99±1,5	287,84±1,97	304,07±1,62
	δ	11,61	15,35	11,19
	$C_v(\%)$	3,78	5,33	3,29
15 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	379,28±1,7	353,23±1,71	377,38±1,77
	δ	13,21	13,36	13,43
	$C_v(\%)$	3,49	3,78	3,52
18 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	387,11±1,82	380,23±1,68	384,32±1,93
	δ	12,15	14,06	12,62
	$C_v(\%)$	4,29	4,75	4,19

Зерттелетін топтар арасында төлдердің тірілей салмағы бірдей деңгейде болды, тәжірибелік топтардың азықтандыру жағдайлары және ұстап-бағу шарттары бірдей болды.

Кестені қорытындылай келе, 6 айлық жасында ең жоғарғы көрсеткіш ресей селекциясының Пилот 690 бұқа өндірушісінің қыздарында 171,55 кг құрады, бұл шетел селекциясынан тараған Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісінің қыздарынан 10,12 кг-ға жоғары, ал Shorty 10.831846 бұқа өндірушісінің қыздарынан 11,52 кг жоғары болды. 12 айлық жасында ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісінің қыздарының және шетел селекциясының Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісінің қыздарының көрсеткіштері бір деңгейде болды.

15 айлық жасынан 18 айлық жасқа дейін ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісінің қыздарының көрсеткіштері тетелестерінен жоғары болды. Зерттелетін топтарды тұқым стандартымен салыстыратын болсақ, барлық топтардың көрсеткіштері тұқым стандартынан жоғары болды.



Сурет 2 «Заря» АҚ-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсу көрсеткіштері

2-ші суретті талдайтын болсақ, зерттеу барысында ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісінің қыздары мен шетел селекциясынан тараған Goldstorm 10764169 бұқа өндірушілерінің қыздарында тірілей салмағынның көрсеткіштері, шетел селекциясынан тараған Shorty 10.831846 бұқа өндірушілерінің қыздарымен салыстырғанда жоғарырақ болды.

18 айлық жасына жеткен кезде, зерттелетін барлық топтардың тірілей салмағы, ұрықтандыру науқанына қолайлы екенін көріп тұрмыз.

Біздің жүргізген тәжірибелік зерттеулеріміз, топтарда азықтандыру жағдайлары мен күтіп-бағудың шарттары бірдей болғанымен төлдердің тірілей салмағының өсімі әр түрлі деңгейде болды.

«Викторовское» ЖШС-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсу көрсеткіштері екінші кесте мен үшінші суретте келтірілген.

Кесте 2 – «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсу көрсеткіштері


Көрсеткіштер		Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Туғанда	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	24,31±0,7	23,53±0,22	24,19±,034
	δ	4,43	0,91	0,96
	$C_v(\%)$	0,21	0,07	0,07
6 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	173,43±1,95	163,17±2,03*	166,03±2,18*
	δ	9,03	15,78	15,76
	$C_v(\%)$	6,38	9,92	10,03
8 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	220,26±1,47	204,32±2,76	212,56±3,28
	δ	10,13	17,02	17,26
	$C_v(\%)$	5,42	8,83	8,78
12 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	310,07±1,75	290,04±2,07	298,17±2,08
	δ	12,19	15,98	14,78
	$C_v(\%)$	4,29	6,03	4,74
15 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	383,38±1,93	364,36±2,23	375,23±1,86
	δ	14,43	14,74	12,13
	$C_v(\%)$	4,52	4,09	4,58
18 айлық	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	397,13±2,17	382,17±2,42	390,23±2,04
	δ	13,19	13,04	12,72
	$C_v(\%)$	5,02	4,81	4,81

Ескерту: *p > 0,001

Келтірілген мәліметтер қашарлардың дамуына селекция әсерінің бар екендігін айқын көрсетеді. Кестеде көрсетілген мәліметтерге сүйенетін болсақ, малдардың генотипі мен селекцияның әсері көрінеді.

Ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісінің қыздары туғаннан бастап 18 айлық жасынан дейін, өзінің тетелестерінен өсу көрсеткіштері бойынша асып түсті. 6 айлық жасында ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісінің қыздары, тетелестерінен 10,26 және 7,4 кг немесе 17,7 – 12, 8 % сәйкесінше жоғары болды. 8 айлық жасына келетін болсақ, ең жоғары көрсеткіш Флажок 639 бұқа өндірушісінің қыздарында 220,26 кг құрады, тетелестерімен салыстырғанда 15,94 кг немесе 7,2 %-ға, 7,7 кг-ға немесе 3,4 %-ға сәйкесінше жоғары болды. 15 айлық жасына келетін болсақ, ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісінің қыздары, шетел селекциясынан тараған Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарынан 19,02 кг-ға немесе 4,9 %-ға, ал Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарынан 8,15 кг-ға немесе 2,1 %-ға басымырақ болды.

Өсу көрсеткіштері бойынша кестелерді зерделей келе, келесідей қорытындыларға келдік: «Заря» АҚ-да және «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін ресей селекциясынан тараған Пилот 690, Флажок 639, шетел селекциясынан тараған Goldstorm 10764169, Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының өсу көрсеткіштері жоғары болды.



Сурет 3 «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсу көрсеткіштері

Зерттеу барысында Флажок 639, Omveto 10.673099 және Riverson 671850 бұқа өндірушілері қыздарының тірілей салмағының көрсеткіштері бойынша ерекшеліктер байқалды. Ресей селекциясынан тараған баспақтар жасы ұлғайған сайын жақсы дамып, тірілей салмағының көрсеткіштері жоғары болды.

Тәжірибе барысында топтар арасындағы өзгерістерді сүтті кезеңінде тірілей салмақ айырмашылығының динамикасын үшінші кестеде көрсетілген орташа тәуліктік өсімдерінің өзгерісінен байқауға болады.

Кесте 3– «Заря» АҚ-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің тірілей салмағының өсу динамикасы

Жасы	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы		
	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$
Тірілей салмағының абсолюттік өсімі, кг									
0-6 ай.	147,45±0,49	3,84	16,66	136,23±0,42	3,27	13,86	138,23±0,34	2,07	9,86
6-12 ай.	135,44±0,22	3,86	19,53	127,81±0,53	4,14	17,61	128,61±0,73	3,29	15,02
12-15 ай.	72,29±0,31	4,21	21,13	65,39±0,19	5,11	19,8	87,34±0,39	4,36	16,21
15-18 ай.	10,04±0,32	4,06	17,71	16,09±0,18	3,19	16,82	11,94±0,62	4,27	14,14
Тірілей салмағының орташа тәуліктік өсімі, г									
0-6 ай.	491,5±16,1	124,6	15,72	454,1±15,3	124,74	14,78	470,76±12,1	95,22	12,87
6-12 ай.	451,46±7,4	57,34	7,16	426,03±14,9	62,25	9,13	438,7±8,76	68,44	8,76
12-15 ай.	240,96±17,6	136,5	17,41	217,96±17,4	129,25	16,78	291,13±16,3	127,8	19,38
15-18 ай.	46,21±2,78	134,1	16,36	30,1±0,19	127,17	15,17	39,8±0,12	125,7	18,05
Тірілей салмағының қатынасты өсімі, %									
0-6 ай.	150,72±0,14	1,13	15,17	148,213±0,7	1,81	14,45	149,73±0,14	1,12	15,09
6-12 ай.	56,60±0,1	0,75	10,25	57,07±0,62	1,16	7,03	56,97±0,05	0,42	6,05
12-15 ай.	21,06±0,16	1,22	21,08	20,4±0,58	1,92	16,63	26,17±0,16	1,24	19,24
15-18 ай.	2,61±0,21	1,71	20,17	3,36±0,51	1,53	15,12	4,72±0,42	1,62	20,23

Тірілей саламағының орташа тәуліктік өсімін талдай келе, зерттелетін топтар арасында біршама өсу қарқындылығымен ерекшеленетінін атап өткен жөн. Бұл туғаннан бастап 6-айлық жасына дейін алынған мәліметтерден байқауға болады: Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 491,5 г, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 454,1 г және Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 470,76 г.

Баспақтарды сүт беріп өсіру кезеңінде орташа тәуліктік өсімінің көрсеткіштері 454-тен 491,5 грамм аралығында болды. Туғаннан кейін 6 айлық жасында ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушілерінен тараған баспақтардың көрсеткіштері тетелестерінен 37,4 және 20,74 г-ға сәйкесінше артық болды.

Одан кейін баспақтардың жасы ұлғайған сайын ресей селекциясынан тараған Пилот 690 және шетел селекциясынан тараған Goldstorm 10764169 бұқа өндірушілерінің қыздарының орташа тәуліктік өсімінің көрсеткіштері құрдастырынан ерекшеленді. Орташа тәуліктік өсімі көрсеткіштерінің өзгеруі сүт беру кезеңінің аяғына дейін сақталып, Пилот 690 бұқа өндірушілерінің қыздары қарқынды өсті.

Кесте 4 – «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы төлдерінің тірілей салмағының өсу динамикасы

Жасы	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы		
	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$
Тірілей салмағының абсолюттік өсімі, кг									
0-6 ай.	149,12±0,62	3,62	14,72	139,64±0,41	3,04	12,92	141,84±0,37	3,97	13,87
6-12 ай.	136,64±0,51	2,02	8,13	126,87±0,38	2,75	9,08	132,14±0,28	2,78	9,36
12-15 ай.	74,29±0,32	3,14	15,62	64,32±0,28	4,06	18,73	77,06±0,31	3,68	16,02
15-18 ай.	22,77±0,43	2,92	13,24	17,81±0,41	3,01	15,23	15,23±0,36	3,02	14,23
Тірілей салмағының орташа тәуліктік өсімі, г									
0-6 ай.	497,06±10,3	126,87	15,87	465,46±15,7	96,38	13,02	472,8±14,26	125,74	14,78
6-12 ай.	455,46±11,1	60,21	8,12	422,9±17,89	71,23	9,24	440,46±13,2	63,25	9,13
12-15 ай.	280,96±10,7	135,87	17,23	247,73±18,3	125,87	18,74	256,86±13,7	130,25	16,78
15-18 ай.	63,23±9,52	59,32	11,23	49,36±14,69	74,23	17,03	50,1±12,03	71,36	15,23
Тірілей салмағының қатынасты өсімі, %									
0-6 ай.	150,82±0,47	1,42	16,01	149,58±0,63	1,29	16,32	149,13±0,39	1,76	15,45
6-12 ай.	56,5±0,57	0,53	7,01	55,98±0,72	0,87	11,23	56,93±0,78	1,01	8,03
12-15 ай.	26,09±0,69	1,47	18,63	21,71±0,83	1,46	19,78	22,88±0,92	1,86	17,63
15-18 ай.	8,6±0,85	2,14	15,69	4,77±0,49	2,01	18,42	3,9±0,36	1,36	15,42

Төлдерді өсірудің әр түрлі кезеңдерінде орташа тәуліктік өсімінің құбылмалы сипаттамасы зат алмасудың кезеңдік өзгерістерімен байланысты болып келеді. Өсу жылдамдығының кең тараған көрсеткіштердің білі тірілей салмағының абсолюттік өсімі болып табылады.

0-6 айлық жасында Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 149,12 кг-ды, Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 139,64 кг-ды және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 141,84 кг-ды құрады. Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобымен салыстыратын болсақ, тетелестерінен 9,48 кг-ға және 7,28 кг-ға сәйкесінше басым болды.

Зерттеулерді қорытындылайтын болсақ, яғни баспақтардың жасы ұлғайған сайын топтар арасындағы ерекшеліктер ұлғая түсті, бұл факт орташа тәуліктік өсімінің өсуімен расталады. Зерделеніп отырған кезеңде, баспақтардың жасы ұлғайған сайын орташа тәуліктік өсімі мен өсу қарқындылығы жоғарлай түсті.

3.2 Ресей және шетел селекциясынан тараған қашарлардың ұдайы өндіру қабілеті

Малдардың ұдайы өндіру қабілетін арттыру мәселесі, әсіресе мал басының шоғырлануына және сүт кешендерінде өнеркәсіптік сүт өндіру технологиясының енгізілуіне байланысты күрделі мәселелердің бірі болып қала береді.

Сүтті малдардың ұдайы өндіру қабілеті – сыртқы орта жағдайларына байланысты, бірқатар көрсеткіштерден тұратын күрделі физиологиялық белгі.

Төлдегеннен кейін нақты қрықтандыруға дейінгі кезеңді – сервис кезеңі деп атаймыз және ол үлкен мәнге ие. Сиырды ұрықтандырған сәттен бастап ұрықтың дамуына байланысты, ағзаның физиологиялық функциялары өзгереді, бұл сүт синтезінің төмендеуіне әкеледі, сондықтан сервис кезеңінің ұзақтығы сүт өнімділігіне айтарлықтай әсер етеді [134].

Еңбек пен материалдық ресурстарды аз жұмсай отырып, сиырлардың оңтайлы сүт өнімділігіне қол жеткізу тек табынның қалыпты ұдайын өндіру жағдайында ғана мүмкін болады. Осыған байланысты қара ала тұқымы сиырларының репродуктивті қасиеттерін зерттеу мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Кесте 5 - «Заря» АҚ-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларының ұдайы өндіру функциялары

Көрсеткіштер	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Буаздық уақыты, күн	276,82±0,95	277,00±0,91	276,62±1,06
Суалу кезеңі, күн	58,11±1,75	60,56±2,44	57,66±2,64
Сервис- кезеңі, күн	110,51±11,63	126,33±13,48	88,51±8,44
Бірінші төлдеу жасы, ай	27,76±0,68	29,88±0,49	27,25±0,72

Малдардың ұдайы өндіру қабілетін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі сервис-кезеңінің ұзақтығы болып табылады. Көптеген зерттеулерде сиырлардың физиологиялық жағдайын сипаттайтын белгі ретінде сервис кезеңінің мерзіміне артықшылық беріледі. Сервис-кезеңінің ұзақтығы азықтандырыдың толыққұндылығына, төлдегеннен кейінгі жатырдың инволюциясына, аналық бездерінің жағдайына, уақытында күйлеу кезеңіне байланысты болып келеді. Кестеде көріп отырғанымыздай, сиырлардың сервис кезеңінің орташа ұзақтығы рұқсат етілген нормалардан (90-100 күн) айтарлықтай асып түседі, бұл ұдайы өндірудің қанағаттанарлықсыз жағдайын көрсетеді. Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарында сервис кезеңі 110,51 күнді, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарында 126,33 күнді және Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарында 88,81 күнді құрады.

Кесте 6 - «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін әр түрлі бұқа өндірушісінен тараған голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларының ұдайы өндіру функциялары

Көрсеткіштер	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Буаздық уақыты, күн	279,69±1,31	275,31±2,12	276,80±1,36
Суалу кезеңі, күн	59,16±2,70	62,76±3,11	58,62±3,15
Сервис- кезеңі, күн	108,75±9,26	140,83±23,26	114,54±8,95
Бірінші төлдеу жасы, ай	27,78±0,98	30,80±1,62	29,38±0,61

Буаздық кезеңі – ұрықтандырғаннан төлдеуге дейінгі уақыт, зерттелетін топтарда буаздық уақыты 275,31-279,69 күн аралығында болды. Барлық зерттелетін топтарда жасанды ұрықтандыру қолданылды.

Барлық зерттелетін топтарда суалу кезеңі талаптарға сай, 58,62 -62,72 күн аралығында болды. Ең жоғарға суалу кезеңі шетел селекциясынан тараған Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарында болды, Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарымен салыстырғанда 4,14 күнге және ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарынан 3,6 күнге көбірек болды.

Ең жоғарғы сервис кезеңінің көрсеткіші Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарында 140,83, күнді құрады, тетелестерімен салыстырғанда 22,7 %-ға және 18,6 %-ға жоғары болды.

Бірінші төлдеу жасына келетін болсақ, Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарында 30,80 айды, Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарында 27,78 ай және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарында 29,38 айды құрады. Салыстыратын болсақ, ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарында, тетелестерімен салыстырсақ 3,02 айға және 1,6 айға сәйкесінше азырақ болды.

3.3 Қара-ала тұқымды голштин сиырларының экстерьерлі - конституционалдық ерекшеліктері

Сүтті бағыттағы малдаың экстерьерін бағалау жеке малдың ғана емес, барлық мал табынының өнімділігі мен селекциялық әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Малдарды сыртқы түріне қарай бағалау олардың биологиялық және экономикалық ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды.

Малдардың өнімділік қасиеттерін жақсартуда қажетті дене типіндегі малдарды анықтаудың маңызы зор. Бұл жағдайда дененің құрылымын және оның өнімділікпен байланысын сипаттайтын экстерьерге маңызды рөл беріледі. Экстерьер түрі, малдардың конституциясының сыртқы көрінісі ретінде, оның өнімділік қасиеттерімен байланысының барлық күрделілігімен, ағзаның тұтастығы тұрғысынан жан-жақты қарастырылуы керек.

Төзімділікке және жоғары өнімділікке бағытталған сиырлардың дене бітімі сүтті мал өнімдерін тиімді өндіруде маңызды рөл атқарады. Дене бітімін сызықтық бағалау – функционалдық мәні бар және есепке алынуы мүмкін жеке ең маңызды экстерьер сипаттамасына негізделген[127,128,130].

Сүтті малдың экстерьерін дұрыс бағалау жеке малдың да, жалпы табынның да өнімді және селекциялық потенциалын анықтауға мүмкіндік береді. Экстерьер сүт өнімділігімен тығыз байланысты болғандықтан, экстерьер бойынша малдарды таңдау арқылы селекционер оларды өнімділікке жанама түрде таңдайды.

Сиырлардың экстерьерін бағалау бойынша зерттеулер бірінші лактация кезінде жүргізілді.

«Заря» АҚ және «Викторовское» ЖШС-де жануарлардың дене бітімі жақсы сүйектері мықты және кең кеудесі жақсы дамыған және артқы аяқтары дұрыс орналасқан. Бірінші рет бұзаулаған сиырлар жақсы өсуімен, денесінің жеткілікті созылуымен, дене бітімінің пропорционалдылығымен және үйлесімділігімен ерекшеленеді, басы жеңіл, мойыны жіңішке, кеудесі жеткілікті кең, ені қалыпты, жамбас сүйектері біршама жоғары. Желіні көлемді, артқы бөліктердің тереңдігі мен биіктігі жақсы, ал алдыңғы бөліктері жеткілікті күшті деңгейде дамыған.

Экстерьер сүтті ірі қара малдың дене түрін бағалау нұсқаулығына сәйкес бағаланды, лактацияның 3-4 айлығында бағалау жүргізілді.

Мынадай сыртқы көрсеткіштер бағаланды: дене бітімі, денесінің мықтылығы, сиырдың өсімі (бойы), дененің тереңдігі, желін пішіні, тұяқ бұрышы, жамбасының ұзындығы мен ені, желіннің алдыңғы бөлігінің бекітілуі, оның тереңдігі, емізіктің орналасуы мен ұзындығы .

Дене бітімін сызықтық бағалау – оның бір биологиялық шетінен екіншісіне (қарсы) шектігіне дейін құрастырылған сандық шкала арқылы кез келген сипаттаманы (статистикалық) бағалау (сипаттау) әдісі.

Бірінші рет бұзаулаған сиырларының экстерьерін сызықтық бағалау кезінде кесте 7,8 келтірілген келесі нәтижелер алынды.

Кесте 7 – «Заря» АҚ-ның алғашқы бұзаулаған сиырларының экстерьерін сызықтық бағалау, балл ($\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$) n-17

Көрсеткіштер	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы		
	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$
Дене тұрқының типі	8,2±0,13	0,71	8,49	8,02±0,21	0,7	10,3	8,1±0,09	0,42	5,23
Дене тұрқының мықтылығы	8,1±0,12	0,65	9,03	7,3±0,02	0,8	12,7	8,2±0,1	0,81	9,1
Сиырдың өсімділігі	8,1±0,02	0,36	8,26	8,12±0,5	0,7	9,7	8,2±0,21	0,72	10,21
Денесінің тереңдігі	8,3±0,11	0,55	7,81	7,8±0,4	0,8	12,03	8,5±0,18	0,53	4,8
Бөксе еңділігі	8,0±0,09	0,42	7,63	8,13±0,1	0,7	12,02	8,3±0,17	0,71	9,2
Бөксе жалпақтығы	7,5±0,6	1,04	13,11	7,6±0,3	0,8	9,6	7,8±0,2	1,02	12,7
Желін тереңдігі	8,0±0,5	1,08	12,82	8,1±0,2	0,7	9,4	8,4±0,12	0,73	8,1
Желіннің алдыңғы бөлігінің бекітілуі	8,1±0,4	0,72	7,96	7,6±0,4	0,9	12,2	8,5±0,17	0,55	6,01
Желін жырашығы	8,09±0,3	0,81	9,24	7,1±0,3	0,8	9,32	8,01±0,2	0,8	1,04
Желіннің артқы бөлігінің бекітілуінің биіктігі	8,1±0,1	0,69	9,83	7,3±0,5	1,02	13,25	8,4±0,18	0,72	8,7
Желіннің артқы бөлігінің ені	8,2±0,3	0,63	7,62	7,2±0,1	1,03	15,3	8,7±0,16	0,46	5,85
Алдыңғы емізікшелердің орналасуы	8,1±0,1	0,91	11,86	7,4±0,03	0,8	11,78	8,1±0,12	0,75	7,8
Артқы емізікшелердің орналасуы	7,5±0,3	0,86	11,48	7,2±0,2	1,3	17,02	8,1±0,31	0,72	8,12
Емізікшелердің ұзындығы	7,9±0,12	0,84	10,02	7,7±0,02	0,7	10,35	8,05±0,15	0,74	9,4
Бүйірінен қарағанда тұяқтар	8,1±0,14	0,7	8,43	7,7±0,3	0,6	9,6	8,1±0,12	0,81	10,8
Артқы жағынан қарағанда тұяқтар	7,7±0,23	0,85	10,3	7,4±0,23	0,8	11,12	8,1±0,18	0,76	8,8
Тірсек буынының көрінісі	7,7±0,25	0,97	11,31	7,6±0,21	0,7	9,7	8,1±0,12	0,68	7,4
Тұяқ бұрыштары	7,8±0,30	0,92	12,07	7,3±0,12	0,5	10,12	8,2±0,15	0,57	6,2

Кесте 8 – «Викторовское» ЖШС-ның алғашқы бұзаулаған сиырларының экстерьерін сызықтық бағалау, балл ($X \pm m_x$)
n-18

Көрсеткіштер	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы		
	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	δ	$C_v(\%)$
Дене тұрқының типі	8,3±0,2	0,7	9,04	8,07±0,2	0,8	10,7	8,8±0,12	0,4	5
Дене тұрқының мықтылығы	8,2±0,2	0,7	9,04	7,4±0,3	0,9	12,9	8,3±0,2	0,8	10,1
Сиырдың өсімділігі	8,2±0,2	0,7	8,4	8,15±0,2	0,8	9,8	8,3±0,2	0,8	10,3
Денесінің тереңдігі	8,4±0,2	0,7	7,8	7,9±0,3	0,9	12,04	8,6±0,14	0,5	5,8
Бөксе еңділігі	8,1±0,2	0,7	7,8	8,15±0,3	0,9	12,1	8,4±0,2	0,8	10,2
Бөксе жалпақтығы	7,6±0,3	1,03	13,1	7,7±0,2	0,8	9,7	7,9±0,3	1,04	13,7
Желін тереңдігі	8,2±0,3	1,03	12,8	8,1±0,2	0,8	9,8	8,5±0,2	0,8	9,1
Желіннің алдыңғы бөлігінің бекітілуі	8,2±0,2	0,7	8,8	7,7±0,3	0,9	12,3	8,6±0,14	0,5	5,9
Желін жырашығы	8,07±0,2	0,8	9,4	7,2±0,2	0,7	10,02	8,1±0,3	0,9	12,04
Желіннің артқы бөлігінің бекітілуінің биіктігі	8,2±0,2	0,8	9,8	7,4±0,3	1,01	14,1	8,5±0,2	0,8	9,2
Желіннің артқы бөлігінің ені	8,3±0,2	0,6	7,6	7,3±0,3	1,1	15,2	8,8±0,12	0,4	5
Алдыңғы емізікшелердің орналасуы	8,1±0,3	0,9	11,8	7,5±0,3	0,9	12,9	8,2±0,2	0,7	8,8
Артқы емізікшелердің орналасуы	7,6±0,2	0,8	11,4	7,3±0,4	1,4	18,8	8,2±0,2	0,7	8,4
Емізікшелердің ұзындығы	8,0±0,2	0,8	9,8	7,8±0,2	0,8	10,7	8,07±0,2	0,7	10,4
Бүйірінен қарағанда тұяқтар	8,2±0,2	0,7	8,4	7,8±0,2	0,7	9,3	8,2±0,2	0,8	9,8
Артқы жағынан қарағанда тұяқтар	7,8±0,2	0,8	10,2	7,5±0,3	0,9	11,8	8,2±0,2	0,7	8,4
Тірсек буынының көрінісі	7,8±0,3	0,9	11,9	7,7±0,2	0,8	9,8	8,2±0,2	0,6	7,3
Тұяқ бұрыштары	7,9±0,3	0,9	12,04	7,4±0,2	0,8	10,4	8,3±0,1	0,5	5,8

Кестеде келтірілген мәліметтерді зерттей келе, Riverson 671850 бұқа өндірушісінің қыздары дене типінің тұрқы бойынша тетелестерінен жоғары болды, Флажок 639 бұқа өндірушісінің қыздарымен салыстырғанда 0,5 баллға, ал Omveto 10.673099 бұқа өндірушісінің қыздарынан 0,73 баллға сәйкесінше асып түсті. Дене тұрқының мықтылығы көрсеткіші бойынша да Riverson 671850 бұқа өндірушісінің қыздары, құрдастарына қарағанда жоғары болды. Алғаш рет бұзаулаған сиырлардың дене тұрқының типіне аса көңіл бөлу қажет, өйткені бұл көрсеткіш алдағы уақытта сиырларды өндірісте пайдалану мерзіміне тікелей байланысты.

«Викторовское» ЖШС асыл тұқымды шаруашылығының алғаш рет бұзаулаған сиырларының өсімі жақсы деңгейде, зерттелетін топтар бойынша орта есеппен алғанда өсімінің көрсеткіші 8,2 балл шамасында болды. Сиырлардың кеуде тереңдігі соңғы қабырға аумағынан арқасының жоғарғы бөлігінен бастап ішінің ең төменгі нүктесіне дейінгі қашықтықта бағаланады. Сиырдың пропорционалдылығына байланысты, бірақ өсіміне қатысы байланысты емес.

Жамбастың аумағы сербекаралық пен құйымшақты біріктіретін сызық енділігімен бағаланады. Бұл көрсеткіш бойынша ең жоғары балл Riverson 671850 бұқа өндірушісінің қыздарында 8,6 баллды құрады. Бөксе жалпақтығының көрсеткіші бойынша, барлық топтарда 7,6-7,9 балл арасында болды. Сүтті мал шаруашылығында бөксе жалпақтығының көрсеткіші негізгі экстерьерлік көрсеткіштердің бірі болып келеді. Бөксең енділігі құйымшақтың сыртқы шығыңқы жерлерінде бағаланады.

Біздің зерттеулерімізде желін көрсеткіштері әртүрлілікті көрсетеді. Желін тереңдігі, желіннің алдыңғы бөлігінің бекітілуі мен желіннің артқы бөлігінің бекітілуінің биіктігі көрсеткіштеріне келетін болсақ, ең төменгі баллдарға Omveto 10.673099 бұқа өндірушісінің қыздары ие, бұл оның сиымдылығының төмендігін көрсетеді.

Сүтті бағыттағы сиырлар үшін желін тереңдігінің көрсеткіші маңызды экстерьерлік белгі болып саналады, өйткені ол сиырдың сүт қалыптасу жүйесіне тікелей байланысты болып келеді. «Викторовское» ЖШС-ның сиырларында желіні емшек буынынан шамамен 5 см жоғары орналасады. Желін тереңдігінің көрсеткіші бойынша ең төменді балл Omveto 10.673099 бұқа өндірушісінің қыздарында 8,1 баллды құрады.

Артқы аяқтарының жағдайын бағалаған кезде, тоқпан жілік буынынан пайда болған бұрыш еніне назар аударылады. Егер малдардың аяқтары түзу болатын болса, минималды балл қойылады. Егер малдардың артқы аяқтары қисық болса, бұл басқа жағдай өйткені бұндай малдарда аяқтарының семсерлігі байқалады және жоғары баллмен бағаланады.

«Жамбастың жағдайы» көрсеткіші ұдайы өндірумен тікелей байланысты болып келеді, атап айтқанда сиырларды ұрықтандыру мен төлдеу процесімен тікелей байланысты, өйткені егер сиырлардың жамбасы түсіңкі болса, қолдан ұрықтандыру кезінде ұрық шығыны артады, ал егер керісінше көтеріңкі болса, төлдеуі қиындайды.

Кесте 9 – «Заря» АҚ-дағы сиырларының классификациялық бағасының орташа көрсеткіштері

Топтар		Көрсеткіштер, балл				
		Жалпы түрі	Желіні	Сирақтары	Жалпы бағасы	Тип бойынша классификация
Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	65,12±0,25	75,09±0,33	50,4±0,21	69,3±0,43	қанағаттанарлық
	$C_v(\%)$	6,03	11,12	7,03	8,08	
Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	64,48±0,23	74,48±0,19	46,45±0,17	67,00±0,38	қанағаттанарлық
	$C_v(\%)$	9,03	12,53	4,47	9,29	
Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	67,2±0,27	77,9±0,36	52,3±0,28	67,3±0,51	қанағаттанарлық
	$C_v(\%)$	6,97	11,76	7,21	8,7	

«Заря» АҚ-дағы сиырларының классификациялық бағасының орташа көрсеткіштерін зерделей келе, Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сиырлары 69,3 балмен қанағаттанарлық санатқа, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сиырлары 67 баллмен қанағаттанарлық санатқа және Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сиырлары 67,3 баллмен қанағаттанарлық санатқа жатқызылды.

Қазақстанның сүтті ірі қара малдарының генетикалық жағынан жақсартылуы, ұдайы өндіруде қолданылатын және малдарды асылдандыру мақсатында сатып алынатын өндіруші бұқаларымен жүзеге асырылады.

Кесте 10 - «Викторовское» ЖШС-дағы сиырларының классификациялық бағасының орташа көрсеткіштері

Топтар		Көрсеткіштер, балл				
		Жалпы түрі	Желіні	Сирақтары	Жалпы бағасы	Тип бойынша классификация
Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	76,1±0,28	79,1±0,29	78,9±0,4	77,06	жақсы
	$C_v(\%)$	7,58	8,66	8,59	8,28	

Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	$\bar{X}$ $\pm m_{\bar{X}}$	66,15±0,3 6	75,79±0,4 1	47,99±0, 23	68,05±0,4 2	қанағаттанарлық
	C_v (%)	9,43	13,86	4,26	9,18	
Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	$\bar{X}$ $\pm m_{\bar{X}}$	76,1±0,28	79,1±0,29	78,9±0,4	72,06	жақсы
	C_v (%)	7,58	8,66	8,59	8,28	

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, қара ала тұқымды сиырларын бағалау кезінде бірінғай шкаланы қолдану кезінде, нәтижелерді интерпритациялау кезінде әр түрлі көрініс береді. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде ресей селекциясынан тараған Флажок 639 және шетел селекциясынан тараған Riverson 671850 бұқа өндірушілерінің қыздары «жақсы» деген санатқа, ал Omveto 10.673099 бұқа өндірушісінің қыздары «қанағаттанарлық» деген санатқа жатқызылды.

Зерттеу қорытындысы бойынша жалпы тұқымдық айырмашылықтар келесі көрсеткіштерге тиесілі екендігі анықталды: сиырлардың өсімі (бойы), дене тұрқының мықтылығы, бүйірінен қарағанда артқы аяқтарының көрінісі, тұяқтарының бұрышы мен еміздіктерінің орналасуы.

Малдардың экстерьері, дене бітімінің үйлесімділігі бойынша, малдың тұқымдық белгілерінің айқындығы мен өнімділік бағытын бағалауға болады.

Экстерьерді бағалау үшін «Заря» АҚ-да және «Викторовское» ЖШС-да зерттелетін голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларынан дене өлшемдері алынды (кесте 11,12).

Экстерьер мен конституция бойынша көптеген зерттеулер мен тәжірибелер нәтижесінде, сиырлардың экстерьері мен конституциясын ескермей, сиырларды үнемді және ұзақ пайдалану мүмкін емес екендігін көрсеткен болатын, өйткені малдың сыртқы көрінісі мен өнімділігі біртұтастықты білдіреді және белгі бір зат алмасумен байланысты.

«Заря» АҚ мен «Викторовское» ЖШС-да зерттелетін голштиндендірілген қара ала тұқымының сиырларының дене бітімінің сыртқы көрінісі мен дене тұрқының типі сүтті бағыттаға малдар тұқымына тән. Бұндай тұқымды сиырларға денесінің пропорционалды дамуы, арқасы мен сегізкөз, бел аймағының кеңділігі, орташа кеуде енділігі тән. Басы біршама ұзартылған, жеңіл, мойыны ұзынша, жіңішке, шоқтығы тегіс және кең. Кеудесі терең және кең, арқасы ұзынша келген, бел аумағы кең, тұяқтары мықты болып келеді.

Кесте 11- «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының дене тұрқысының өлшемдері, $\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$ n-17

Өлшемдері	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			2 топ ± 1 топ	3 топ ± 1 топ
	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	σ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	σ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	σ	$C_v(\%)$		
Шоқтығының биіктігі	127,32±0,32	1,2	1,03	125,23±6,74	29,75	24,12	126,8±0,2	0,77	0,59	2,09	0,52
Сегізкөз биіктігі	129,13±0,21	0,73	0,53	122,12±7,01	30,05	24,02	124,13±8,08	31,3	25,22	7,01	5
Денесінің түзу ұзындығы, см	135,22±0,51	2,32	1,42	134,21±0,43	1,45	1,36	136,37±0,35	1,36	0,98	1,01	1,15
Кеуде тереңдігі	64,5±0,24	1,08	1,33	65,53±0,17	0,72	1,07	66,33±0,21	0,82	1,21	1,13	1,83
Кеуде ені	40,23±0,21	0,52	2,32	39,21±0,13	0,56	1,52	41,27±0,12	0,46	1,08	1,02	1,04
Кеуде орамы	177,54±0,14	0,23	0,14	176,4±0,32	0,71	0,31	178,4±0,13	0,51	0,28	1,14	0,86
Денесінің қиғаш ұзындығы	152,37±0,21	0,47	0,39	153,25±0,24	0,63	0,42	154,07±0,15	0,59	0,38	0,88	1,7
Сербикаралық ені	43,12±0,43	0,87	2,01	44,12±0,23	0,53	1,32	45,4±0,13	0,51	1,09	1	2,28
Құйымшақ аралық ені	27,41±0,51	0,79	2,83	26,56±0,22	0,72	2,41	28,13±0,13	0,52	1,84	0,85	0,72
Жамбас аймағының ұзындығы, см	98,12±0,38	1,74	1,23	96,22±0,35	1,52	1,12	97,8±0,43	1,4	2,29	1,9	0,32
Төменгі арқасындағы дене тереңдігі, см	57,02±0,43	2,47	3,47	56,42±0,32	1,23	1,32	58,07±0,37	1,44	2,28	0,6	1,05
Сегізкөз ұзындығы, см	45,41±0,23	2,12	4,21	44,06±0,33	1,32	2,11	46,07±0,85	3,31	6,6	1,35	0,66
Жіліншік орамы	18,74±0,32	0,71	3,25	18,23±0,37	0,99	4,03	19,13±0,19	0,74	3,88	0,51	0,39
Дене индексі	0,379 ± 0,001	0,74	3,12	0,367 ± 0,004	0,72	3,27	0,372 ± 0,001	0,89	4,16	0,012	0,007
Жамбас аймағының индексі	0,342 ± 0,003	0,63	5,74	0,334 ± 0,002	1,05	6,53	0,351± 0,002	0,41	7,62	0,008	0,009

Кесте 12 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының дене тұрқысының өлшемдері, $\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$ n-18

Өлшемдері	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы			2 группа ± 1 группа	3 группа ± 1 группа
	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	σ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	σ	$C_v(\%)$	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	σ	$C_v(\%)$		
Шоқтығының биіктігі	128,47±0,34	1,3	1,01	121,27±7,96	30,82	25,41	130,8±0,2	0,77	0,59	7,2	2,33
Сегізкөз биіктігі	130,2±0,22	0,86	0,66	123,27±8,02	31,07	25,2	124,13±8,08	31,3	25,22	6,93	6,07
Денесінің түзу ұзындығы, см	136,27±0,56	2,19	1,6	138,47±0,35	1,36	0,98	141,37±0,35	1,36	0,98	2,2	5,1
Кеуде тереңдігі	65,6±0,27	1,06	1,61	66,73±0,18	0,7	1,05	67,33±0,21	0,82	1,21	1,13	1,73
Кеуде ені	39,47±0,22	0,83	2,11	41,2±0,17	0,68	1,64	42,27±0,12	0,46	1,08	1,73	2,8
Кеуде орамы	178,87±0,19	0,74	0,42	180,4±0,13	0,51	0,28	181,4±0,13	0,51	0,28	1,53	2,53
Денесінің қиғаш ұзындығы	153,67±0,16	0,62	0,4	156,8±0,14	0,56	0,36	158,07±0,15	0,59	0,38	5,13	4,4
Сербикаралық ені	44,53±0,24	0,92	2,06	45,8±0,17	0,68	1,48	46,4±0,13	0,51	1,09	1,27	1,87
Құйымшақ аралық ені	25,67±0,19	0,72	2,82	27,73±0,18	0,7	2,54	28,13±0,13	0,52	1,84	2,06	2,46
Жамбас аймағының ұзындығы, см	96,8±0,47	1,82	1,88	98,2±0,43	1,66	1,69	99,8±0,43	1,4	2,29	1,4	3
Төменгі арқасындағы дене тереңдігі, см	56,2±0,65	2,51	4,47	61,67±0,27	1,05	1,7	63,07±0,37	1,44	2,28	5,47	6,87
Сегізкөз ұзындығы, см	44,67±0,61	2,35	5,26	48,6±0,29	1,12	2,31	50,07±0,85	3,31	6,6	3,93	5,4
Жіліншік орамы	19,2±0,2	0,77	4,03	19,47±0,24	0,92	4,7	19,13±0,19	0,74	3,88	0,27	0,07
Дене индексі	0,469 ± 0,002	0,82	4,02	0,461 ± 0,003	0,62	3,92	0,472 ± 0,001	0,89	4,16	0,008	0,003
Жамбас аймағының индексі	0,438 ± 0,002	0,75	6,90	0,432 ± 0,001	1,03	6,73	0,442 ± 0,002	0,41	7,62	0,006	0,004

Зерттеулер қорытындысы бойынша, Riverson 671850 бұқа өндірушілерінің қыздары кеуде орамы, денесінің қиғаш ұзындығы, кеуде тереңдігі, сегізкөз, арқасының, шоқтығының биіктігі көрсеткіштері бойынша жоғары болды.



Сурет 4 «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының дене тұрқысының өлшемдері

Малдардың экстерьерін бағалау олардың дамуын бағалаудың қажетті элементі болып табылады және ол екі негізгі әдіспен жүзеге асырылады: көзбен бағалау және дене өлшемдерін алу. Малдарды көзбен бағалау, дене өлшемдерін алу, дене индекстерін есептеу және лактация кезеңінде дене тұрқының гормоналдылығын анықтау олардың өсу сипаттамаларын толықтыруға мүмкіндік береді.


Сиырларды көбен бағалау кезінде, олардың жамуы стандартқа сай екенін көрсетеді. Осыған орай, Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеологиялық тобы және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеологиялық тобындағы сиырлары кең-терең кеуделі, созылыққы, сүйекті және жамбасының кеңділігімен ерекшеленеді.

Сонымен, голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларының экстерьерлік ерекшеліктері өнімділігінің сүтті типке жататындығын көрсетеді.

Кесте 13 - «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының дене бітімінің индекстері, %

Дене бітімінің индекстері	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Ұзынаяқтылығы	49,34	45,49	47,6
Созылыңқылығы	119,67	120,12	121,5
Жамбас-кеуделік	88,65	87,13	90,9
Кеуделік	61,36	59,27	62,2
Мығымдылық	116,51	115,55	115,7
Сүйектілік	15,71	14,16	16,06

Кестені қорытындылай келе, ұзынаяқтылық индексі бойынша Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарында 49,74 %-ды құрады, жастастарымен салыстырғанда 3,85 %-ға және 1,74 %-ға сәйкесінше жоғарырақ болды. Созылыңқылығы индексі бойынша Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарында бұл көрсеткіш 121,5 %, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарымен салыстырғанда 1,38 %-ға және Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарынан 1,83 %-ға асып түсті.



Сурет 5 «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының дене бітімінің индекстері

Кесте 14 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының дене бітімінің индекстері, %


Дене бітімінің индекстері	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Ұзынаяқтылығы	77,4	72,2	79,3
Созылыңқылығы	119,6	118,3	120,8
Жамбас-кеуделік	89,6	87,9	91,09
Кеуделік	60,2	59,7	62,7
Мығымдылық	116,4	115,05	116,7
Сүйектілік	15,9	14,05	16,6

Кестедегі мәліметтерді қорытындылай келе, дене бітімінің индекстерінің көрсеткіштері бойынша Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобындағы сиырларынікі, жастастарына қарағанда жоғарырақ болды. Ұзынаяқтылығы индексінің көрсеткіші бойынша, Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сиырлары жастастарынан 1,9 %-ға және 7,1 %-ға сәкесінше жоғары болды. Созылыңқылығы индексі бойынша Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сиырлары жастастарынан 1,2 %-ға және 2,5 %-ға сәйкесінше асып түсті. Барлық зерттелетін топтарда созылыңқылығы индексі стандартқа сай келді, егер стандарттан төмен болатын болса, малдардың өсіп дамуы жағынан кемшіліктер бар дегенді білдіреді. Біздің зерттеулеріміздегі малдардың өсіп дамуы жақсы деңгейде болды.

Жамбас-кеуделілік индексі бойынша, ең жоғарға көрсеткіш Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобындағы сиырларда 91,09 %-ды құрады, жастастарымен салыстырғанда 1,49 %-ға және 3,19 %-ға жоғарырақ болды.

Дене бітімінің индекстерін қорытындылайтын болсақ, дене бітімінің біршама ұзартылғанын, аяқтары ұзынырақ, жамбас бөлігі жақсы дамыған, кеудесі аздап тар келген, бұл голштиндендірілген қара ала тұқымына тән белгілер болып табылады.

Жалпы алғанда, гоштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларының дене бітімінің өлшемдері мен индекстерінің көрсеткіштері тұқымның сүтті типті мал тән екендігін көрсетеді.



Сурет 6 «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының дене бітімінің индекстері

Осылайша, өнімділігі жоғары сүтті тұқымды малдардың экстерьерлік белгілерінің селекциялық-генетикалық параметрлерін зерттеу селекционердің жұмысын жақсартуға көмектеседі. Өзгергіштік параметрлерінің шамасы малдың жеке дене мүшелері бойынша, дене өлшемдері мен жалпы малдың дене бітімі бойынша малдардың біркелкілігі жағдайын бағалауға және белгілі бір дәрежеде селекцияның сәттілігін болжауға мүмкіндік береді.

Малдардың биологиялық ерекшеліктерін бағалауда цифрлық технологиялар мен жаңа әдістерді қолдану өндірістік жағдайда дене бітімін неғұрлым дәлірек сипаттауға және сүтті бағыттағы ірі қара малдың дене бітімі мен өнімділігі арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағалау нәтижелерін дұрыс қолдану сүт өнімділігі мен өнімділігі жоғары сиырлардың ұзақ өмір сүруіне, сондай-ақ сүттің сапалық көрсеткіштеріне ықпал етеді.

3.4 Голштиндендірілген қара-ала тұқымы сиырлары желінінің морфологиялық және функционалдық қасиеттері

Сиырлардың жоғары сүт өнімділігі көбінесе сүт безінің дамуына байланысты.

Сүтті шаруашылығының интенсивті технологиясы малды машинамен саууға жарамдылық үшін іріктеуге қатаң талаптар қояды, өйткені желіндінің дамуы және сүт безінің сапалық көрсеткіштері сүт өнімділігінің мөлшерін, сауу жылдамдығын, сауу ұзақтығын анықтайды.

Синтезделген сүттің мөлшері мен сапасы көбінесе сүт безінің дамуы мен қызметіне байланысты, ол өз кезегінде желіннің морфологиялық және функционалдық қасиеттерімен бағаланады.

Тәжірибе топтарындағы жануарлардың сүт безіне көзбен шолу жасағанда, біз келесі желін пішіндерін белгіледік: тостаған тәрізді, ванна тәріздес және дөңгеленген (13,14-кесте).

Кесте 15 - «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының желін формалары, %

Желін формалары	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Тостаған тәрізді	74,8	72,7	75,2
Ванна тәрізді	6,3	9,4	7,3
Дөңгеленген	18,9	22,3	17,5

Сиырларды машинамен сауу кезінде желіннің даму көрсеткіштеріне баса назар аударып, жоғары талаптар қойылады. Желіннің пішініне баса назар аударылады, сондықтан біз өзіміздің зерттеулерімізде желін пішіндерін зерттеген болатынбыз. Кестеде көрсетілген зерттеулерге сәйкес, тостаған тәрізді пішінді желін Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 75,2 %-ды, Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 74,8 %-ды және Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 72,7 %-ды құрады. Ванна тәрізді желін пішімімен Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сиырлары жоғары көрсеткіштеп ерекшеленді 9,7 %, жастарымен салыстырғанда 3,1 %-ға және 2,1 %-ға асып түсті. Дөңгеленген тәрізді желін пішіні машинамен саууға ыңғайсыздай болып келеді, біздің зерттеулерімізде ең аз дөңгеленген пішінді желін Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында болды, 17,5 %-ды құрады.

Кесте 16 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының желін формалары, %

Желін формалары	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Тостаған тәрізді	85,6	82,7	86,4
Ванна тәрізді	9,4	8,8	10,2
Дөңгеленген	5,6	7,8	3,4

Сүттіліктің ең маңызды белгілерінің бірі – желін көлемі, ені және ұзындығы болып табылады. Неғұрлым объективті деректерді дәлірек алу үшін өлшеу құралдарын қолдана отырып, белгіленген әдістер бойынша желін өлшемдерін алу арқылы ғана алуға болады. Бұл біздің зерттеу жұмысын жүргізу барысында жасалынды. Желінді визуальды бағалау мақсатында өлшеуін лентаны, циркульдi пайдалана отырып, әр түрлі нүктелерінен өлшемдер алынады. Желін өлшемдері оң жағынанс лактацияның 2-3 айлығында алынады.

Сиырларды машинамен саууға жарамдылығына қарай таңдаудың маңыздылығы мынада: сауу қондырғыларында желін құрылымының жеке ерекшеліктерін қарастырмайтын жобалық шектеулер бар.

Біздің зерттеулерімізде, тостаған тәрізді пішінді желінге Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 85,6 %, Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 82,7 және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 86,4 % -ды құрады. Ванна тәрізді пішінді желін Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 10,2 %-ды, ал Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 9,4 %-ды құрады, ең төмен көрсеткіш Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 8,8 % болды. Дөңгеленген пішінді желіннің ең жақсы көрсеткіші Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында байқалды, 3,4 %-ды құрады.

Қара ала тұқымы сиырарын басқа тұқымдармен салыстырғанда, желіндері жеткілікті біркелкі болғанымен, тұқымның ішінде желін дамуының ассиметриясымен бар малдар кездеседі. Бұл қара ла тұқымы сиырлары желінінің морфологиялық ерекшеліктерін жақсарту үшін үнемі селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізуді қажет етеді. Осыған орай, селекциялық жұмыс желіні берілген параметрлерге сәйкес келетін малдарды іріктеп, жұптауға бағытталған, өйткені оны машинамен саууға жарамдылығын сипаттайтын негізгі морфологиялық сипаттамалары негізінен тұқым қуалаушылық сипатқа ие.

Кесте 17 - «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының желін өлшемдері, см

Желін өлшемдері	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Саууға дейінгі желін ұзындығы	41,7±0,3	39,6±0,49	43,8±0,31
Сауғаннан кейінгі желін ұзындығы	35,7±0,21	33,9±0,43	38,7±0,18
Саууға дейінгі желін ені	33,1±0,23	32,5±0,22	35,4±0,13
Сауғаннан кейінгі желін ені	24,5±0,26	27,8±0,2	30,8±0,2
Саууға дейінгі желін орамы	130,3±0,42	127,2±1,4	132,1±0,28
Сауғаннан кейінгі желін орамы	93,6±0,56	97,8±0,38	95,1±0,18
Саууға дейінгі желін тереңдігі алдыңғы	30,1±0,34	30,9±0,43	31,3±0,23
Саууға дейінгі желін тереңдігі артқы	24,7±0,21	26,1±0,31	28,2±0,17
Сауғаннан кейінгі желін тереңдігі алдыңғы	25,4±0,31	27,8±0,24	25,6±0,21
Сауғаннан кейінгі желін тереңдігі артқы	23,4±0,31	24,5±0,26	23,6±0,21
Желінің жерден биіктігі	56,1±0,48	59,2±0,2	53,5±0,38
Алдыңғы емі арасындағы ара қашықтық	6,5±0,16	5,1±0,23	4,3±0,18
Алдыңғы емінің ұзындығы	6,7±0,15	6,5±0,16	7,1±0,23
Артқы емінің ұзындығы	6,2±0,13	6,3±0,21	6,1±0,21
Саууға дейінгі желін көлемі, дм ²	359,3±22,7	362,5±32,1	393,1±18,01
Сауғаннан кейінгі желін көлемі, дм ²	228,8±16,5	259,9±18,1	234,1±15,8
Желіннің түсуі, %	36,3±0,53	29,1±0,63	40,4±0,53

Сиырлар желінін бағалаған кезде, желін өлшемдері алынады және емізік өлшемдері мен олардың арасындағы арақашықтық маңызды өлшемдердің бірі болып табылады. Бұл өлшемдер желін құрылымының морфологиялық ерекшеліктерін белгілеп, оның машинамен саууға жарамдығын анықтайды. Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынжа желін өлшемдерінің көрсеткіштері тетелестерінен жоғарырақ болды.

Кесте 18 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының желін өлшемдері, см

Желін өлшемдері	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Саууға дейінгі желін ұзындығы	40,2±0,28	36,2±0,69	40,3±0,18
Сауғаннан кейінгі желін ұзындығы	35,4±0,14	32,3±0,77	36,5±0,13
Саууға дейінгі желін ені	31,8±0,27	29,8±0,29	32,6±0,13
Сауғаннан кейінгі желін ені	26,5±0,29	25,6±0,21	27,9±0,18
Саууға дейінгі желін орамы	118,3±0,58	111,4±0,29	116,8±0,41
Сауғаннан кейінгі желін орамы	89,6±0,29	92,2±0,32	90,8±0,22
Саууға дейінгі желін тереңдігі алдыңғы	26,8±0,19	27,5±0,18	27,6±0,21
Саууға дейінгі желін тереңдігі артқы	22,3±0,28	22,8±0,27	24,4±0,13
Сауғаннан кейінгі желін тереңдігі алдыңғы	22,2±0,27	25,5±0,14	23,1±0,19
Сауғаннан кейінгі желін тереңдігі артқы	19,7±0,28	21,2±0,19	21,6±0,3
Желінің жерден биіктігі	58,2±0,22	57,6±0,14	57,7±0,21
Алдыңғы емі арасындағы ара қашықтық	3,7±0,12	3,7±0,23	4,1±0,15
Алдыңғы емінің ұзындығы	6,5±0,14	5,9±0,17	7,1±0,2
Артқы емінің ұзындығы	5,8±0,19	5,6±0,14	5,8±0,14
Саууға дейінгі желін көлемі, дм ²	290,4±22,2	280,8±17,3	304,6±15,8
Сауғаннан кейінгі желін көлемі, дм ²	188,2±22,5	215,3±15,1	203,3±19,1
Желіннің түсуі, %	35,4±1,27	23,3±0,85	33,2±0,8

Желіннің сауу арасында сүтті көп мөлшерде жинақтау қабілеті бездің ішкі құрылысына байланысты. Без ұлпасы неғұрлым жақсы дамыған болса, сиырды сауғаннан кейін желіннің түсуі жақсы болады. Біздің зерттелерімізде желіннің түсуі 23,3-35,4 % шамасында болды.

Желіннің морфологиялық қасиеттерінің көрсеткіштері негізінде сүт өнімділігі мен желінің негізгі өлшемдері арасындағы корреляция коэффициенті есептелді (19, 20-кесте).

Кесте 19 – «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының 305 күндік сүт өнімділігі мен желін өлшемдері арасындағы корреляциялық байланыс

Көрсеткіштер	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Сауым – желін ұзындығы	+0,01	+0,12	+0,21
Сауым – желін ені	+0,06	-0,09	+0,09
Сауым – желін орамы	+0,08	+0,01	+0,17
Сауым – желін тереңдігі	+0,14	-0,19	+0,22

Біз өзіміздің зерттеулерімізде, сауым мен желін өлшемдері арасындағы корреляциялық байланыс есептелді. Сүт сауымы көп болған жағдайда, селекцияланытын және түрлендіргіш белғу болғандықтан, басқа селекциялық белгілермен өзара байланысы бар екендігі дәлелденген.

Біздің зерттеулерімізді қорытындылайтын болсақ, сауым мен желін өлшемдері арасында Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы мен Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында оң корреляциялық байланысты көрсетті. Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында сауым мен желін ені мен желін тереңдігі өлшемі арасында теріс корреляциялық байланыс болды.

Кесте 20 – «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының 305 күндік сүт өнімділігі мен желін өлшемдері арасындағы корреляциялық байланыс

Көрсеткіштер	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Сауым – желін ұзындығы	+0,028	-0,032	+0,188
Сауым – желін ені	+0,176	+0,108	+0,190
Сауым – желін орамы	+0,201	+0,239	+0,331
Сауым – желін тереңдігі	+0,105	-0,261	+0,343

Кестеге сәйкес, Omveto 10.673099 бұқа өндірушілерінің қыздарында сиырлардың сауымы мен желін ұзындығы мен желін тереңдігі өлшемі арасындағы корреляциялық байланыс теріс, ал Флажок 639 және Riverson 671850 бұқа өндірушісінің қыздарының генеалогиялық топтарында корреляциялық байланыс оң болды. Бұл сиырлардың жасы ұлғайған сайын, желін көрсеткіштерінің төмендейтінін көрсетеді.

Сүт беру қарқындылығы сиырларды машинамен саууға жарамдылығын бағалаудың ең маңызды критерийлерінің бірі болып табылады. Ол сауу кезінде минутына орта есеппен бөлінетін сүт мөлшерімен анықталады.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде, желіннің морфологиялық белгілерінің тұқымқуалаушылығының жоғары дәрежесін дәлелдейді. Желіннің функционалдық белгілерінің айқындалуына, ағзаның физиологиялық қасиеті мен қоршаған орта факторлары әсер етеді.

Желіннің функционалдық қасиеттерін бағалауда ең маңызды көрсеткіш сүт беру қарқындылығы болып табылады. Ол сауу процесінде минутына орта есеппен бөлінетін сүт мөлшерімен анықталады. Біздің зерттеулерімізде келесідей көрсеткіштер зерттелген болатын: орташа тәуліктік сауым, орташа сауу уақыты мен сүт бері қарқындылығы.

Кесте 21 – Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырлары желінің функционалдық қасиеттері

Көрсеткіштер	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Орташа тәуліктік сауым, кг	13,5±0,23	12,5±0,41	12,8±0,52
Сүт беру қарқындылығы, кг/мин	1,6±0,02	1,5±0,04	1,6±0,03
Орташа сауу уақыты, мин	8,13±0,16	8,05±0,21	7,8±0,19

Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырлары желінің функционалдық қасиеттерін зерделейтін болсақ, ең жоғары орташа тәуліктік сауым Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 13,5 кг құрады, телестерімен салыстыратын болсақ, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 1 кг, ал Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 0,7 кг жоғары болды. Сүт беру қарқындылығының көрсеткішіне келетін болсақ, ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы мен шетел селекциясынан тараған Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында бұл көрсеткіш 1,6 кг/мин құрады, ал Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 0,1 кг/мин төмен болды.

Сиырларды сауу ұзақтығына көптеген факторлар әсер етеді. Сүт шығарудың орташа жылдамдығы немесе сауу қарқындылығы, ең алдымен, емізік каналы қабырғаларының кедергісіне, емізік сфинктерінің керілуіне, емізік ұшының ұзындығы мен пішініне, сүт шығару рефлексіне және сүттің мөлшеріне байланысты болып келеді. Сауын машиналарында сауу үшін ең қолайлы сиырлар орташа сүт беру қарқындылығы 1,5-2,5 кг/мин құрайды.

Кесте 22 – «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырлары желінің функционалдық қасиеттері

Көрсеткіштер	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Орташа тәуліктік сауым, кг	19,3±0,5	17,3±0,3	18,5±0,24
Сүт беру қарқындылығы, кг/мин	1,9±0,04	1,8±0,03	1,9±0,03
Орташа сауу уақыты, мин	10,03±0,16	9,05±0,2	8,8±0,23

Біздің зерттеулерімізде, ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында орташа тәуліктік сауым 19,3 кг құрады, Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобымен салыстырғанда 2 кг асып түсті, ал Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 0,8 кг жоғары болды.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер бойынша, барлық сиырлардың машинамен саууға жарамдылығын атап өткен жөн, ал барлық зерттелген көрсеткіштер бойынша Флажок 639 және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарында артықшылықтар байқалды. Келтірілген бұқа өндірушілер сүтті тұқымды мал тұқымы табынын жақсартушылар болып табылады және дәстүрлі технологияда өсірілетін қара ала тұқымы сиырларында қолданылды.

3.5 Заря» АҚ-да және «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларының сүт өнімділігі мен сүттің физико-химиялық қасиеттері

Ағзаның кез келген сипаттамасының дамуы тұқым қуалаушылық (генотип) және тіршілік ету жағдайларымен анықталатыны белгілі. Сүт өнімділігін, сүттегі майлылығын және басқаларды қамтитын сандық белгілер әдетте фенотип бойынша, олардың ағзаның өсіп-дамитын жағдайында көрінуімен бағаланады.

Біздің еліміздегі голштиндік ірі қара малға тән қасиет олардың дүние жүзіндегі осы ірі қара мал популяцияларымен тығыз генетикалық байланысы болып табылады. Алайда, бұл тұқымның жануарлары олардың конституциясын, экстерьері және өнімділігін, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып бейімделуін одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Мал шаруашылығы саласының дамуының қазіргі кезеңінде тұқымға және оның асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін одан әрі жақсартуға шешуші мән берілуде. Сонымен қатар, сүт өнімділігі ірі қара малды бағалау кезінде маңызды селекциялық белгілердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты өнімділігі, репродуктивті қасиеттері мен жергілікті қоршаған орта жағдайларына жақсы бейімделуі үшін жоғары генетикалық әлеуетті біріктіретін отандық және импорттық мал тұқымдарын өсіруге маңызды рөл беріледі.

Сүтті мал шаруашылығында сүт өнімділігінің деңгейі мен сүттегі майдың массалық үлесі арасындағы байланыстың сипаты мен шамасын анықтау маңызды болып табылады. Бірақ шикі сүттің сапа көрсеткіштеріне қойылатын талаптар жыл өткен сайын күшейтіліп, сүттің майлы қышқылдық құрамынан басқа өндірушілер сүт құрамының басқа көрсеткіштеріне (ақуыз, несепнәр) көбірек көңіл бөлуде.

Сиырлардың максималды және өмір бойы сүт өнімділігі – тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын факторлардың кешені әсер ететін ең маңызды экономикалық пайдалы белгі. Негізгі факторлардың максималды және өмірлік өнімділік деңгейіне әсер ету сипаты мен күшін біле отырып, сүтті малдың осы ең маңызды сипаттамасын жақсарту бойынша мақсатты және тиімді жұмыстарды жүргізуге болады. Осыған байланысты біз әртүрлі генотипті сиырлардың сүт өнімділігін зерттедік, зерттеу деректері 23,24-кестеде келтірілген.

Кесте 23– Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының сүт өнімділігі

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
305 күндік сүт сауымы, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	4130,7±80,52	3855,8±181,32	3930,9±156,23
	δ	241,5	531,4	518,1
Орташа тәуліктік сауым, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	13,5±0,23	12,6±0,41	12,8±0,52
	δ	1,36	1,56	1,48
Майдың массалық үлесі, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	3,85±0,2	3,72±0,2	3,91±0,03
	δ	0,3	0,32	0,2
Майдың массалық үлесі, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	159,03±3,21	143,43±4,14	153,69±2,28
	δ	5,98	6,14	6,28
Ақуыздың массалық үлесі, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	2,9±0,1	2,8±0,03	3,1±0,04
	δ	0,21	0,18	0,15
Ақуыздың массалық үлесі, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	119,7±1,98	107,96±2,17	121,83±2,85
	δ	1,98	2,82	2,01
Сүттілік коэффициенті	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	976,5±34,21	854,9±33,58	935,92±35,17
	δ	198,7	195,36	200,14
Лактацияның тұрақтылық коэффициенті	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	66,06±3,5	72,9±4,08	70,42±26,7
	δ	10,4	17,3	98,9

Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының сүт өнімділігінің көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша, ең жоғары көрсеткіштерге ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында жоғары болды. 305 күндік сүт сауымы көрсеткіштерін зерделейтін болсақ, Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобының сүт сауымы жастарынан шетел селекциясынан тараған Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 274,9 кг-ға, Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 199,8 кг-ға асып түсті. Майдың массалық үлесі бойынша, ең жоғарғы көрсеткіш Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 3,91 %-ды құрады.

Сүтті бағыттағы малдарды пайдаланудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерінің бірі – сүттілік коэффициенті 100 кг сиырдың тірілей салмағына сүт сауымы кезінде өндірілетін сүт мөлшері болып табылады.

Сүттілік коэффициентінің көрсеткіші бойынша, топтар арасындағы айырмашылық 854,9-976,5 кг шамасында болды. Ең жоғарғы сүттілік коэффициентінің көрсеткіші Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 976,5 кг құрады, жастастарымен салыстырғанда Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 40,58 кг-ға жоғары, ал Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 121,6 кг-ға асып түсті.

Сүттілік коэффициентінің салыстырмалы жоғарғы көрсеткішін сиырлардың лактация кезеңі ішіндегі салыстырмалы жоғарғы сүт өнімділігі және төмен тірілей салмағына ие болуымен түсіндіруге болады. Сәйкесінше, барлық топтардың малдары айқындалған сүттілік типіне ие. Сүттілік типіне ие сиырларда сүттілік коэффициенті 800 кг-нан артық болуы қажет.

Көптеген авторлардың пайымдауынша, Тернер әдісі бойынша лактациялық тұрақтылық коэффициенті анықталатын сүт сауымының төмендеу есебін алдық, ол осы айдың әр өткен айдағы лактациясының сүт сауымына осы кездегі сүт сауымының пайыздық үлесін көрсетеді.

Сүт сауымы қызметінің тұрақтылығы мен біркелкілігі сиырлардың маңызды технологиялық көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Зерттелетін топтарда лактацияның тұрақтылық коэффициенті 66,06-70,42 пайыз шамасында болды. Лактацияның тұрақтылық коэффициенті бойынша ең төменгі көрсеткіш ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 66,06 %-ды құрады, телестерімен салыстыратын болсақ, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 6,84 %-ға, ал Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 4,36 %-ға төменірек болды.

Біздің жүргізілген зерттеулер көптеген зерттеу жүргізген авторлардың зерттеулерімен расталады.

Кесте 24– «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының сүт өнімділігі

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
305 күндік сүт сауымы, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	5784,7±125,9*	5188,3± 140,1	5642,8± 155,1*
	δ	487,7	542,7	600,7
Орташа тәуліктік сауым, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	19,3±0,4	17,3±0,46	17,5±0,5
	δ	1,6	1,8	2,1
Майдың массалық үлесі, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	3,85±0,2	3,79±0,2	3,81±0,05
	δ	0,4	0,42	0,2
Майдың массалық үлесі, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	225,6±6,3	191,96±5,4	214,42±7,1
	δ	7,23	8,15	7,49
Акуыздың массалық үлесі, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	2,8±0,1	3,3±0,04	3,2±0,05
	δ	0,2	0,17	0,21
Акуыздың массалық үлесі, кг	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	161,97±4,6	171,21±5,23	180,56±4,49
	δ	6,24	5,41	5,89
Сүттілік кэффиценті	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	1279,8±40,21	1078,64±39,82	1218,74±41,12
	δ	211,1	198,3	204,36
Лактацияның тұрақтылық кэффиценті	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	80,36±3,5	78,64±4,08	80,51±26,7
	δ	10,4	17,3	98,9

Ескерту: *p > 0,001

Кесте нәтижелері бойынша, Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 5784,7 кг құрады, Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 596,4 кг-ға, ал Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 141,9 кг-ға асып түсті.

Сүттілік кэффиценті біздің зерттеулерімізде, Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 1078,64 кг, Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 1279,8 кг-ды және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 1218,74 кг-ды құрады.

Лактациялық тұрақтылық кэффицентінің көрсеткіші Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында бірдей деңгейде болды, орташа шамамен 80,43 % болды. Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 78,64 %-ды құрады.

Ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісінің қыздары және шетел селекциясынан тараған Riverson 671850 бұқа өндірушісінің

қыздары тұрақты сүт өнімділігімен сипатталды, бұл ТМД елдерінде бірнеше лактация кезінде жеткілікті сүт өнімділігін алу үшін селекция жүргізілетінін көрсетеді. Сондай-ақ, алынған нәтижелер ресей селекциясынан тараған бұқа өндірушілердің қыздары жергілікті климат жағдайларына жақсы бейімделуі мен тұқымқуалаулығы бұзылмауымен сипатталады, ал шетел селекциясынан тараған бұқаларға климаттық жағдайлары жақсырақ болуы қажет, бірақ оған қарамастан олардың да өнімділігі жоғары деңгейде болды.

Сүт өнімділігін, сүттегі май мен ақуызды арттырумен қатар, сүттің сапалық көрсеткіштерін (физико-химиялық) жақсарту жұмыстарын жүргізу қажет, өйткені сүттің бұл қасиеттері азықтандыру деңгейіне, күтіп-бағу жағдайларына және генетикалық факторларға да байланысты. Осыған байланысты сүттің физико-химиялық құрамы зерттелді, мәліметтер 25,26-кестеде келтірілген.

Сүттің химиялық құрамының соңғы көрсеткіштері құрғақ зат және құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы (СОМО) болып табылады. Сүттің құрғақ заттары құрамына сүттің барлық негізгі компоненттері - сүт майы мен ақуызы, минералды заттар, витаминдер мен ферменттер кіреді.

Құрамындағы құрғақ зат пен СОМО сүттің құрамы мен сапасына тікелей байланысты. Орта есеппен сиыр сүтіндегі құрғақ зат 12%-дан 13%-ға дейін, СОМО – 8%-дан 10%-ға дейін болады.

Кесте 25– Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырлары сүтінің физико-химиялық қасиеттері

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
СОМО, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	8,9±0,05	9,3±0,2	9,1±0,2
	δ	0,2	0,6	0,7
Құрғақ заттар, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	12,5±0,2	14,7±0,3	13,3±0,13
	δ	0,8	0,6	0,8
Тығыздығы, кг/м ³	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	1027,2±1,5	1034,7±0,8	1033,9±0,91
	δ	5,9	3,1	3,2
Лактоза, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	5,1±0,03	4,6±0,13	4,5±0,1
	δ	0,12	0,5	0,4
Казеин, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	3,02±0,04	2,6±0,5	2,7±0,1
	δ	0,16	1,8	0,4
Қышқылдығы, Т ⁰	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	18,5±0,3	20,6±0,5	19,2±0,4
	δ	1,13	1,8	1,5
Несепнәр, мг %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	24,9±0,71	38,8±0,8	31,5±0,5
	δ	3,2	3,4	2,1
Соматикалық жасушалар, мың/см ³	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	162,7±3,5	203,2±4,08	171,4±26,7
	δ	10,4	17,3	98,9

Кестенің мәліметтері бойынша, зерттелетін топтарда майсыздандырылған құрғақ сүт қалдығы 8,9 – 9,3 % арасында болды.

Сүт құрамындағы лактоза айтарлықтай тұрақты және 4,5-5,1 %-ды құрайды. Егер сиырлар желіні қабынған болса (мастит), сүт құрамындағы лактозаның үлесі кенет төмендейді.

Сиырдың денсаулығы мен сүт құрамының сапасына жауап беретін көрсеткіштердің бірі – соматикалық жасушалардың саны болып келеді. Біздің зерттеулерімізде соматикалық жасушалардың саны 162,7 мың/см³ 203,2 мың/см³ аралығында болды.

Кесте 26– «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырлары сүтінің физико-химиялық қасиеттері

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
СОМО, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	9,2±0,2	9,9±0,13	9,4±0,1
	δ	0,9	0,2	0,5
Құрғақ заттар, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	12,1±0,3	14,5±0,2	13,2±0,5
	δ	1,2	0,8	1,9
Тығыздығы, кг/м ³	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	1033,7±1,7	1027,6±1,3	1029,5±1,8
	δ	6,6	4,9	7,1
Лактоза, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	4,7±0,2	5,1±0,03	4,3±0,1
	δ	0,7	0,1	0,2
Казеин, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	2,7±0,07	2,5±0,2	2,9±0,05
	δ	0,3	0,9	0,2
Қышқылдығы, Т ⁰	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	19,6±0,6	20,2±0,2	18,3±0,5
	δ	2,14	0,9	1,8
Несепнәр, мг %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	22,1±1,2	32,1±0,8	29,4±1,1
	δ	4,6	3,3	4,1
Соматикалық жасушалар, тыс/см ³	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	95,9±3,6	103,1±5,08	131,4±27,7
	δ	11,4	18,3	99,9

Барлық зерттелген топтарда сиыр сүтіндегі соматикалық жасушалардың саны, қалыпты шектерде болды, бұл сүттің жоғарғы сортқа жататндығын көрсетеді.

Зерттелетін малдардың сүтіндегі құрғақ заттардың мөлшері белгіленген нормативтер шегінде болды, яғни 12-ден 14%-ға дейінгі аралықта болды.

Азықтандыру және күтіп-бағу жағдайлары сиырлардың ағзасына және олардың өнімділігіне жан-жақты әсер етеді. Ұстау жағдайлары және азықтандыру жағдайлары орташа деңгейде болғандықтан, шетелдік селекциядан тараған қыздарында сүттің физикалық-химиялық құрамының

көрсеткіштері минималды болды, өйткені олар ерекше жоғары жағдайларды қажет етеді.

Кестеге сәйкес, барлық топтарда сүттің құрамы сүт және сүт өнімдерінің техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді. Осылайша, қышқылдық 18,2 Т⁰-ден 21,2 Т⁰-ға дейін болды, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес, шикі сүттің қышқылдығы 16,00 Т⁰-ден 21,00 Т⁰-ға дейін болуы керек.

Сүттің тығыздығында да айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ, ол кем дегенде 1027 кг/м³ болуы керек.

Сондай-ақ, біздің зерттеуіміздің мақсаты «сүттегі несепнәрдің» қолжетімді индикаторын ақуыз және энергиямен азықтанудың толық факторы ретінде талдау болды. Сүттегі несепнәр құрамын талдау май мен ақуыздың массалық үлесін бір мезгілде бақылай отырып, сиырлардың рационндағы ақуыз бен энергияның теңгерімсіздігін ерте кезеңде анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді. Сүттегі несепнәр мөлшерінің төмендеуі сиырлардың репродуктивті функциясының проблемаларына әкеледі.

Кестені талдай отырып, сүттің химиялық талдауы зерттелетін топтар бойынша жалпы сүттегі ақуыздың орташа мөлшері 3,2-3,3% деңгейінде екенін көрсетті. «Викторовское» ЖШС асыл тұқымды шаруашылығында мал сүтіндегі несепнәр құрамын талдау, топтарда сүттегі несепнәр мөлшері 30 мг% сәл жоғары екені көрсетті.

Кесте 27 - Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының 305 күндік сүт сауымы мен сүтінің физико-химиялық қасиеттері арасындағы корреляциялық байланыс

305 күндік сүт сауымы мен ... көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыс	Зерттелетін топтар		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Соматикалық жасушалар, тыс/мм	0,06	-0,04	0,3
Майдың массалық үлесі, %	-0,19	-0,5	-0,25
Ақуыздың массалық үлесі, %	-0,2	-0,54	-0,2
СОМО, %	0,27	-0,19	0,5
Құрғақ заттар, %	0,13	0,4	0,25
Лактоза, %	-0,28	-0,23	0,4
Казеин, %	-0,06	0,04	-0,5
Тығыздығы, кг/м ³	-0,26	0,09	0,08
Несепнәр, мг %	-0,08	-0,07	-0,18

Кесте 28 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының 305 күндік сүт сауымы мен сүттің физико-химиялық қасиеттері арасындағы корреляциялық байланыс

305 күндік сүт сауымы мен ... көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыс	Зерттелетін топтар		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Соматикалық жасушалар, тыс/мм	0,02	0,4	0,13
Майдың массалық үлесі, %	0,6	-0,1	-0,2
Ақуыздың массалық үлесі, %	-0,51	-0,13	-0,15
СОМО, %	-0,04	-0,2	0,3
Құрғақ заттар, %	0,05	-0,02	-0,05
Лактоза, %	-0,22	0,02	0,03
Казеин, %	0,33	-0,08	0,09
Тығыздығы, кг/м ³	0,36	-0,23	0,25
Несепнәр, мг %	0,04	-0,37	-0,39

Лактацияның 305 күніндегі сүт өнімділігі мен сүттің химиялық құрамының көрсеткіштері арасындағы корреляцияны талдау кезінде әлсіз теріс корреляция анықталды, ал кейбір жағдайларда зерттелетін көрсеткіштер арасында оң корреляциялық байланыс болды.

Сүттің физикалық-химиялық құрамы бойынша тенденцияның жалғасуын анықтау үшін орташа тәуліктік сауым мен сүттің физико-химиялық қасиеттерінің арасындағы байланыс есептелді. Корреляцияны зерттеу бір белгі бойынша біржақты сұрыптауды жүргізу кезінде жағымсыз салдарларды болжауға немесе өнімділіктің басқа жанама көрсеткіштерін ескере отырып, өнімді белгі бойынша селекцияның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Күнделікті сүт өнімділігі мен сүттегі майдың массалық үлесі арасындағы корреляциялық коэффициенттер деңгейі мен бағыты бойынша және жеке бұқа өндірушілер үшін әр түрлі болады.

Шетелдік және ресей селекциясының генеалогиялық топтарында орташа тәуліктік сауымы мен соматикалық жасушалардың саны арасында оң корреляция байқалды. Бұл голштин сиырларының сүт өнімділігінің деңгейін жоғарылатып, олардың төзімділігін әлсіретіп, сол арқылы сүт бездері ауруларының пайда болуына, соның салдарынан сүттегі соматикалық жасушалардың санының көбеюіне байланысты болуы мүмкін.

Голштиндендірілген қара-ала тұқымды жақсарту кезінде сүт өнімділігінің көрсеткіштері арасындағы байланыстың параметрлерін ескеру қажет.

Осылайша, жүргізілген зерттеулерден сүт өнімділігі мен сүт құрамына малдарды ұстау шарттары және азықтандыру факторлары әсер етеді деген қорытынды жасауға болады.

3.6 Заря» АҚ-да және «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларын биологиялық бағалау

Сүттің тағамдық құндылығын СОМО және ақуыздың мөлшері бойынша бағалауға болатыны белгілі. Сонымен қатар, сиыр өнімділігін сүт ақуызы мен майының мөлшері бойынша бағалау өзекті болып қала береді, өйткені олар биологиялық және энергетикалық тұрғыдан сүттің ең құнды құрамдас бөлігі болып табылады.

Өйткені сүттің биологиялық құндылығы жеке құрамдас бөліктермен емес, заттың бүкіл құрамымен анықталады, көрсеткіш – сүттегі құрғақ зат мөлшерімен өлшенеді. О.В. Горелик (2001), сиырларды бағалау кезінде биологиялық пайдалылық және биологиялық тиімділік коэффициенті толық сүт беретін ең жақсы жануарларды анықтауға мүмкіндік береді.

Сиырлардың биологиялық тиімділігін анықтау үшін лактация бойынша құрғақ заттың массасын 1 кг тірілей салмаққа алып, пайызбен көрсетеді. Биологиялық құндылықты есептеу үшін құрғақ майсыз сүт қалдықтарының массасын пайдаланамыз.

Кесте 29 – Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының биологиялық бағасы, %

Көрсеткіштер	Зерттелетін көрсеткіштер		
	Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Биологиялық тиімділік коэффициенті	136,5	134,8	141,8
Биологиялық пайдалылық коэффициенті	122,2	111,4	116,3

Кестедегі мәліметтерді қорытындылай келе, биологиялық тиімділік коэффициенті бойынша, ең жоғарғы көрсеткіш Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 141,8 % құрады, Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобымен салыстырғанда 7 %-ға жоғары, ал Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 5,3 %-ға асып түсті. Биологиялық пайдалылық

коэффициенті бойынша, ең жоғарғы көрсеткіш Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 122,2 % болды, тетелестерінен 10,8 %-ға және 5,9 %-ға сәйкесінше асып түсті.

О.В.Сенченко зерттеулерінде биологиялық тиімділік коэффициенті 131,3-138,6 % шамасында болды.

Кесте 30 – «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының биологиялық бағасы, %

Көрсеткіштер	Исследуемые группы		
	Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
Биологиялық тиімділік коэффициенті	152,8	141,1	148,5
Биологиялық пайдалылық коэффициенті	116,2	93,7	107,8

«Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының биологиялық бағасын бағалау кезінде, келесі қорытындар алынды: биологиялық тиімділік коэффициенті бойынша ең жоғарғы көрсеткіш ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 152,8 %-ды құрады, шетел селекциясынан тараған Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобымен салыстырғанда 11,7 %-ға, ал Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 4,3 %-ға асып түсті.

Біздің зерттеулерімізде биологиялық пайдалылық коэффициенті 93,7 – 116,2 % аралығында болды. Ең жоғарғы көрсеткіш ресей селекциясынан тараған Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 116,2 % болды, жастастарымен салыстыратын болсақ, шетел селекциясынан тараған Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 22,5 %-ға, ал Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобынан 8,4 %-ға жоғары болды.

Сондықтан жануарларды құрғақ заттардың құрамына қарай бағалау және СОМО орынды, өйткені ол сиырлардың сүт өнімділігін толық көрсетеді.

Заря» АҚ-дағы және Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының биологиялық бағасын бағалау кезінде, ең жоғарғы көрсеткішке ресей селекциясынан тараған Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы мен Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы және шетел селекциясынан тараған Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы және Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы ие болды.

3.7 «Заря» АҚ-да және «Викторовское» ЖШС-да өсірілетін голштиндендірілген қара ала тұқымы сиырларының табиғи резистенттілігі

Қанның құрамы организмде жүретін биохимиялық процестердің сипатын өзара анықтайтыны белгілі және олар қоршаған ортаның тербелістерін көрсетеді, өйткені қан метаболизмнің барлық процестерінде делдал болып, барлық мүшелермен және ұлпалармен үнемі байланыста бола отырып, олардағы барлық процестерді көрсетеді, сонымен бірге сапалық, сандық жағынан да өзгереді [131].

Кесте 31 – «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының қанның гематологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
WBC	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	11,4±0,73	11,22±0,3	10,5±0,64
	$C_v(\%)$	14,33	5,96	13,55
	σ	1,63	0,67	1,42
LYM	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	7,6±0,2	7,08±0,57	7,16±0,3
	$C_v(\%)$	6,03	18,13	9,24
	σ	0,46	1,28	0,66
LYM, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	82,38±2,21	83,74±1,17	88,32±1,09
	$C_v(\%)$	6	3,14	2,77
	σ	4,94	2,63	2,44
MON	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	0,74±0,11	0,56±0,09	0,64±0,08
	$C_v(\%)$	32,54	37,03	28,38
	σ	0,24	0,21	0,18
MON, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	89,8±1,77	69,12±3,91	71,6±4,33
	$C_v(\%)$	4,41	12,65	13,52
	σ	3,96	8,74	9,68
GRA	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	3,64±0,2	3,08±0,2	3,2±0,26
	$C_v(\%)$	12,07	14,77	18,36
	σ	0,44	0,45	0,59
GRA, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	52,46±1,57	60,24±12,43	41,12±3,12
	$C_v(\%)$	6,67	46,13	16,96
	σ	3,5	27,79	6,97
HGB	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	110,4±8,33	98,8±2,29	106,6±4,41
	$C_v(\%)$	16,88	5,18	9,25
	σ	18,64	5,12	9,86
MCH	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	15,54±0,68	15,58±0,37	15,2±0,33
	$C_v(\%)$	9,84	5,38	4,81
	σ	1,53	0,84	0,73

MCHC	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	359,4±5,33	341,4±3,36	358,2±5,34
	$C_v(\%)$	3,31	2,2	3,33
	σ	11,91	7,5	11,95
RBC	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	8,88±0,24	7,4±0,23	6,68±0,44
	$C_v(\%)$	6,09	6,96	14,64
	σ	0,54	0,51	0,98
MCV	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	56,92±1,9	46,42±2,17	54,1±1,93
	$C_v(\%)$	7,47	10,43	7,98
	σ	4,25	4,84	4,32
HCT	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	40,36±3,24	31,26±1,71	39,8±1,87
	$C_v(\%)$	17,96	12,24	10,5
	σ	7,25	3,83	4,18
RDW_a	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	167,8±6,28	82,32±11,34	66,3±4,4
	$C_v(\%)$	8,37	30,8	14,84
	σ	14,04	25,36	9,84
RDW, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	78,46±3,53	27,44±2,49	28,22±3,02
	$C_v(\%)$	10,06	20,31	23,89
	σ	7,9	5,57	6,74
PLT	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	233,2±35,6	161±6,05	152±5,94
	$C_v(\%)$	34,1	8,4	8,74
	σ	79,52	13,53	13,29
MPV	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	46,74±2,64	10,8±1,46	9,36±0,83
	$C_v(\%)$	12,63	30,33	19,91
	σ	5,9	3,28	1,86

Мал ағзасында қорғаныс және қалпына келтіру процестерін қалыптастыруда лейкоциттер маңызды рөл атқарады. Олар келесі функцияларды орындайды: фагоцитоз, ақуыздан шыққан токсиндерді ыдырату және жою, антиденелерді қалыптастыру. Біздің зерттеулерімізде қанның құрамындағы лейкоциттер саны 10,5-11,4 шамасында болды, лейкоциттер саны нормаға сәйкес болды.

Біздің тәжірибемізден алынған мәліметтер концентрацияны көрсетеді, зерттелетін барлық топтарда қандағы лейкоциттер саны физиологиялық норма шегінде болып, бұл малдардың денсаулығында жағымсыз өзгерістердің болмауын көрсетеді.

Гемоглабин көрсеткіштеріне келетін болсақ, ең жоғарғы көрсеткіш Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 110,4 және Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобында 106,6 құрайды.

Қанның құрамындағы эритроциттер саны көрсеткіші бойынша, зерттелетін топтар арасында 6,68-8,88 құрады.

Кесте 32 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының қанның гематологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
WBC	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	10,4±0,72	10,82±0,94	10,04±0,91
	$C_v(\%)$	15,46	19,47	20,33
	σ	1,61	2,11	2,04
LYM	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	6,42±0,62	6,92±0,82	6,6±0,53
	$C_v(\%)$	21,45	26,6	17,83
	σ	1,38	1,84	1,18
LYM, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	76,7±5,6	79,04±5,32	80,08±4,78
	$C_v(\%)$	16,32	15,04	13,34
	σ	12,52	11,89	10,68
MON	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	0,4±0,12	0,34±0,1	0,4±0,07
	$C_v(\%)$	68,47	67,71	39,53
	σ	0,27	0,23	0,16
MON, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	37,98±12,4	51,8±4,2	53,64±4,09
	$C_v(\%)$	72,99	18,13	17,05
	σ	27,72	9,39	9,15
GRA	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	2,46±0,09	2,32±0,07	2,44±0,07
	$C_v(\%)$	8,43	7,08	6,86
	σ	0,21	0,16	0,17
GRA, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	27±3,81	28,12±1,99	29±2,06
	$C_v(\%)$	31,55	15,85	15,85
	σ	8,52	4,46	4,6
HGB	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	99,6±7,41	97,4±6,9	95,8±5,05
	$C_v(\%)$	16,63	15,85	11,8
	σ	16,56	15,44	11,3
MCH	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	14,72±0,93	14,3±0,94	14,4±0,73
	$C_v(\%)$	14,09	14,65	11,28
	σ	2,07	2,1	1,62
MCHC	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	352,8±5,39	354,4±8,32	355,8±6,71
	$C_v(\%)$	3,42	5,25	4,22
	σ	12,05	18,61	15,01
RBC	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	6,62±0,35	6,46±0,28	6,82±0,44
	$C_v(\%)$	11,97	9,7	14,38
	σ	0,79	0,63	0,98
MCV	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	47,44±1,34	47,88±1,41	47,62±1,79
	$C_v(\%)$	6,31	6,56	8,42
	σ	2,99	3,14	4,01
HCT	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	29,66±2,04	30,04±1,8	30,36±1,65
	$C_v(\%)$	15,39	13,39	12,16
	σ	4,57	4,02	3,69

RDWa	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	37,86±3,68	38,12±3,8	38,48±3,43
	$C_v(\%)$	21,73	22,28	19,95
	σ	8,23	8,49	7,68
RDW, %	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	17,92±0,52	18,54±0,59	19,48±0,59
	$C_v(\%)$	6,55	7,14	6,73
	σ	1,17	1,32	1,31
PLT	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	174,4±45,08	164,8±26,6	171,2±26,6
	$C_v(\%)$	57,79	36,07	34,68
	σ	100,79	59,44	59,36
MPV	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	6,04±0,17	6,26±0,37	6,46±0,65
	$C_v(\%)$	6,48	13,06	22,48
	σ	0,39	0,82	1,45

Организмдегі заттардың биохимиялық реакциялары бір-бірімен тығыз байланысты екені белгілі. Бұл ғана емес, метаболикалық реакциялар бір-бірімен өте үйлесімді. Бір компоненттің мазмұнын немесе синтезін өзгерту екіншісінің концентрациясына әсер етпейді. Сондықтан, дұрыс метаболизммен барлық көрсеткіштер белгілі бір шеңберге енеді. Биохимиялық көрсеткіштер организмде болып жатқан процестердің өзіндік көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ, биохимиялық зерттеу барлық сұрақтарға жауап бермейтінін анық. Өйткені, бактериологиялық, гематологиялық, токсикологиялық және басқа да көптеген зерттеулер бар. Олардың әрқайсысы белгілі бір дәрежеде ерекше болады.

Биохимиялық зерттеу нәтижесінде бізде ақуздардың, көмірсулардың, майлардың, кейбір метаболизм өнімдерінің, микро-макроэлементтердің метаболизм деңгейінің көрсеткіштері бар, бірақ толық сипаттама емес.

Бастапқы кезеңдерде көптеген патологиялық процестер дамудың ұқсас үлгісіне ие. Сондықтан дұрыс диагнозды тек анамнезге және басқа зерттеулерге байланысты қоюға болады. Мұндай зерттеулердің негізгі оң әсері-бұл алғашқы кезеңдерінде жағымсыз процестің дамуының бақылау.

Барлық биохимиялық зерттеулердің ішінде басқалармен салыстырғанда қан анализі ерекше және жиі жасалады. Бұл кездейсоқ емес, өйткені қан ағзаның негізгі ортасы болып табылады, ол болып жатқан өзгерістердің бәрінің айнасы болып табылады. Ол көптеген функцияларды орындайды және тәжірибе мамандары үшін қан өзінің ақпараттылығымен қызықты.

Кейбір зерттеушілер жасушалық реакцияларды бөлек, тәуелсіз түрге бөледі. Бірақ, егер сіз бұл тұжырымға бүкіл ағзаның тұтастығы жағынан жақындасаңыз және жасушаның мүшеге немесе ұлпаға қатысты тым төмен өміршеңдігін атап өтсеңіз немесе денені динамикалық жүйе ретінде қарастырсаңыз (яғни, бір секунд бұрын дене құрамы жағынан дәл қазіргідей емес еді), онда қанның жетекші рөл атқаратыны анық болады [132,133].

Осылайша, қанның биохимиялық зерттеуінің айқын ілгерілеуіне карамастан, барлық мүмкіндіктер әлі ашық емес. Уақыт өте келе кейін ультра дәл сапалық және сандық реакциялар пайда болуы мүмкін, олар біртіндеп

қазіргі реакциялардың орнын алады. Біздің мақсатымыз оны тәжірибелік мақсатта қолдану үшін бұрыннан бар ақпаратты жинақтау болды.

Кесте 33 - «Заря» АҚ-дағы голштиндендірілген сиырларының қанның биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Пилот 690 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Shorty 10.831846 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Goldstorm 10764169 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
ALP	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	128,4±1,5	98,66±2,25	134±3,08
	$C_v(\%)$	2,62	5,11	5,14
	σ	3,36	5,04	6,89
ALT	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	13,14±1,76	21,02±2,23	20,64±4,09
	$C_v(\%)$	29,95	23,74	44,28
	σ	3,93	4,99	9,14
Amylase	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	66,1±5,81	68,5±2,2	60,72±5,4
	$C_v(\%)$	19,66	7,17	19,89
	σ	12,99	4,91	12,08
AST	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	79,76±5,08	77,86±11,29	86,58±6,68
	$C_v(\%)$	14,24	32,43	17,26
	σ	11,36	25,25	14,94
Bili-T	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	8,38±0,7	10,94±0,8	11,56±0,67
	$C_v(\%)$	18,65	16,4	13,06
	σ	1,56	1,79	1,51
Calcium	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	2,44±0,07	2,08±0,08	2,5±0,18
	$C_v(\%)$	6,22	8,6	16,25
	σ	0,15	0,18	0,41
Glu-Ox	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	3,08±0,31	2,88±0,09	3,26±0,2
	$C_v(\%)$	22,19	6,68	13,82
	σ	0,68	0,19	0,45
Iron	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	24,66±3,61	25,9±4,2	31,86±3,65
	$C_v(\%)$	32,75	36,29	25,65
	σ	8,08	9,4	8,17
Magnesium	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	0,96±0,12	0,74±0,11	0,94±0,1
	$C_v(\%)$	27,16	33,92	24,49
	σ	0,26	0,25	0,23
Phosphorus	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	1,9±0,11	1,96±0,06	1,94±0,14
	$C_v(\%)$	13,42	6,85	16,54
	σ	0,25	0,13	0,32
Potassium	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	4,92±0,19	4,18±0,23	4,68±0,36
	$C_v(\%)$	8,43	12,48	17,19
	σ	0,41	0,52	0,8
Total Protein	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	72,56±2,35	66,52±2,67	75,68±3,45
	$C_v(\%)$	7,25	8,99	10,19
	σ	5,26	5,98	7,71

Кесте 34 - «Викторовское» ЖШС-дағы голштиндендірілген сиырларының қанның биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Зерттелетін топтар		
		Флажок 639 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Omveto 10.673099 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы	Riverson 671850 бұқа өндірушісі қыздарының генеалогиялық тобы
ALP	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	133,2±4,31	118,4±6,32	136±2,7
	$C_v(\%)$	7,23	11,94	4,44
	σ	9,63	14,14	6,04
ALT	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	15,66±2,56	22,6±2,42	20,52±3,84
	$C_v(\%)$	36,6	23,95	41,87
	σ	5,73	5,41	8,59
Amylase	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	64,1±5,62	79,8±4,81	60,08±6,06
	$C_v(\%)$	19,6	13,48	22,56
	σ	12,56	10,76	13,55
AST	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	84,88±6,43	81,08±11,41	85,14±5,09
	$C_v(\%)$	16,94	31,48	13,37
	σ	14,38	25,52	11,38
Bili-T	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	9,52±0,38	12,56±0,72	11,28±0,83
	$C_v(\%)$	8,89	12,73	16,5
	σ	0,85	1,6	1,86
Calcium	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	2,26±0,17	2,4±0,14	2,76±0,14
	$C_v(\%)$	16,73	13,18	11,34
	σ	0,38	0,32	0,31
Glu-Ox	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	3,58±0,32	3,1±0,15	2,96±0,33
	$C_v(\%)$	20,08	10,94	25,01
	σ	0,72	0,34	0,74
Iron	$\bar{X} \pm m_{\bar{X}}$	25,14±3,82	28,1±4,57	31,58±2,95
